блочных газобензиновых установок, включенных в состав обустройства нефтяных месторождений» [ЦГА РК, ф-2257; оп-1, д-66, л.130].

Утесинов Р. считал, что в деле транспортировки парафинистой нефти необходимо постоянно поддерживать температуру. Для поддержания температуры он предлагал устанавливать печи на протяжении всего нефтепровода.

О работе Рахмета Утесинова были даны несколько отзывов. Приведем некоторые из них, так например, специалисты объединения «Азнефть» писали следующее: «Диссертационная работа Утесинова, представленная на соискание ученой степени кандидата технических наук, имеет большое научное и практическое значение. В работе дан всесторонний анализ применяемых методов разработки месторождений...» [13].

Министерство нефтяной промышленности СССР написала отзыв «Вопрос, рассматриваемый в работе, является актуальным, положительное решение которого будет способствовать разрешению одной из сложнейших задач народного хозяйства» [13].

С 70-х годов XX века Р. Утесинов начинает писать литературные произведения. Героями его произведений становятся нефтяники. Его работы написаны в автобиографическом жанре.

Герои и персонажи романов и повестей Р. Утесинова взяты из жизни. Некоторые сюжеты его произведений были художественно переосмыслимы, что явилось новым витком его трудов.

Его литературные произведения получили положительный отзыв. Корифеи литературного жанра писали аннотации его трудам. Каждое литературное произведение Р. Утесинова получала положительный отзыв не только от писателей, но и от литературных критиков.

Например, академик М. Каратаев писал «Ратую за знание авторами технологии производства, правдивость деталей жизненных фактов и психологии людей, он сказал:... «таков Далабай, старый опытный нефтяник, умудренный жизненным опытом и его сын Кенбай, молодой образованный инженер-геолог, окончивший Московский нефтяной институт. Образцы отца и сына получились впечатляюще убедительными, так как вероятно сам автор повести «Несказанная песня» Р. Утесинов, выступивший впервые в литературе, является инженером-нефтяником, хорошо знающим условия жизни Мангышлакских нефтяных промыслов. Вот почему в повести слышится автобиографическая интонация» [8].

Первый труд Р. Утесинова появившийся на книжных полках республики получил название «Ақиқатқа арналған арман». Данное произведение было написано в жанре очерка. Издательство «Казахстан» издала это произведение.

Автор произведения включил пять очерков о жизни нефтяников. Книга написана в автобиографическом жанре. В очерке он переплетает свою жизнь с героями книги.

Этот труд полностью посвящен освоению нефтяных запасов Мангышлака. Начиная с геологоразведочных работ до отправки первого эшелона Узеньской нефти на Гурьевский перерабатывающий завод.

Во второй половине 70-х гг. XX века Марина Голдовская и Гадильбек Шалахметов начали снимать документальный фильм «Испытание». Главным героем этого фильма был Р. Утесинов - заслуженный нефтяник СССР.

Данный фильм состоял из 5 частей и полностью был посвящен Р. Утесинову. Съемки фильма закончились в мае 1977 года.

Премьера документального фильма «Испытание» состоялось 11 марта 1978 года по центральному телевидению. Этот фильм был удостоен премии Ленинского комсомола СССР и почетным дипломом на XX Лейпцигском кинофестивале документальных фильмов.

Фильм был открыт словами К. Симонова: «Меня этот фильм привлекает тем, - пояснил он, - что главным героем его оказался Рахмет Утесинов, потомственный казахский нефтяник, уроженец этих мест, там, где происходит действие. Человек большой, трудной, героической и драматической судьбы. Он один из тех людей, встречаясь с которыми, веришь в то, что исполнится задуманное и все то, что предстоит совершить...» [13].

Фильм получил название «Испытание», так как авторы фильма демонстрирует широкой публике борьбу Р. Утесинова с его нечеловеческой болью и рационализаторскими идеями в борьбе с парафином.

Авторы фильма демонстрируют интервью министра газовой промышленности Советского Союза С. Оруджева. Приведем его речь: «Каспийское море со всех сторон округляется месторождениями нефтяными и газовыми. Таким образом, не могло быть такого положения, что восточная и северо-восточная часть, где располагается полуостров Мангышлак, оказался бы, без нефти.

В Мангышлаке я был дважды. Это голая степь полупустынная каменная ни одного жилья, ни одной дороги, ни населенных пунктов. Только в районе Узени и Жетыбай были несколько кибиток скотоводов. Главным образом имели своих верблюдов и больше ничего» [9].

Эта речь демонстрирует нам, что до освоения месторождений полуострова Мангышлак был не освоен в промышленном смысле.

В фильме демонстрируются кадры работы Р. Утесинова в решении данной проблемы. В течение показа фильма автор изобретения разработал проект и изготовил чертежи. Эта работа обсуждалась техническим советом промысла «Узень» и была положительно одобрена.

Изобретения Р. Утесинова широко использовались в 70-80 гг. XX века на практике на всесоюзных нефтяных месторождениях. Он предложил с помощью печи растапливать парафиновые пробки.

В конце фильма авторы показывают зрителям кадры применения его изобретения на практике. Рационализаторская идея Р. Утесинова успешно была применена на практике.

Именно его изобретение явилось существенным и закономерным итогом в борьбе с парафином. Его изобретения облегчили добычу нефти на промыслах Мангышлака.

Еще одним доказательством изобретений и вклада в развитие нефтяной промышленности Казахстана Р. Утесинова являются слова Р. Рождественского.

Р. Рождественский в телевизионной программе «Документальный экран» сказал следующее: «Человек должен быть сильным. Он должен быть сильным для выполнения своей мечты и во имя этой мечты. Особенно сильным, немыслимо сильным он должен быть, когда на его долю выпадает вдруг страшное испытание...

Я желаю Рахмету Утесинову работы, удачи и мужества. Ведь воистину прекрасно, когда человек даже пережив трагедию, продолжает бороться, продолжает любить жизнь. Жизнь, а не просто собственное существование в ней» [14]

1978 год ознаменовался вторым литературным трудом Р. Утесинова «Айтылмаған ән».

Роман «Айтылмаған ән» рассказывает о нефтяниках, которые своим трудом добывали нефть из недр земли. Главным героем этого романа был выпускник Московского нефтяного института К. Майлыбаев.

Главной целью К. Майлыбаева явилось то, чтобы доказать руководителям проектных институтов и ученым, что на полуострове Мангышлак имеются запасы нефти.

Главный герой романа в конце концов доказал всем, что его воззрения оказались правильными, что положило начало геологоразведочных работ на полуострове. Роман заканчивается открытием больших запасов нефти на полуострове Мангышлак.

В 1979 году в столице Казахской ССР состоялось итоговое годовое собрание литературоведов республики. Ученый-критик Р. Нургалиев выступил с докладом «Об итогах литературной жизни республики за 1978 год».

В докладе он подробно анализировал произведения литераторов, которые были изданы в 1978 году. Участники собрания широко обсуждали роман Р. Утесинова «Айтылмаған ән».

«Это произведение не старого образца, а новое, выполненное с учетом жанра прозы. Автор хорошо знал и использовал индустриальную технологию, конкретные профессиональные навыки. Основные элементы нефтяных промыслов, индустриальные споры указаны в произведении» [10].

Данный отзыв корифеями литературного жанра доказывают аксиому, что Р. Утесинов имел свой стиль в процессе работы над литературными произведениями. Он, имея богатый опыт управленца и производственника, точно описывал жизнь и быт нефтяников.

На карте Казахстана в 1979 году появились новые месторождения «Тенгиз» и «Карачаганак». Они стали флагманами нефтяного сектора Казахстана.

Нефтяные запасы этих месторождений превосходили запасы промысла «Узень». Государственная комиссия Советского Союза по запасам выявила, что запасы нефти на «Тенгизе» составляют 2 миллиарда 648 миллионов тонн, а на месторождении «Карачаганак» - 500 миллиардов. Именно данные месторождения стали основными флагманами нефтяного сектора в первые годы независимости Республики Казахстан. С введением в эксплуатацию этих месторождений в республику начали проникать иностранные инвестиции, что способствовало укреплению экономического сектора республики.

С 1982 по 1989 годы Р. Утесинов написал следующие литературные произведения «Алыптың ашылуы», «Даладағы алау» и «Кең жылой» имевшие ценность в кругу литераторов. С 29 мая 1982 по 29 июля 1988 годы Р. Утесинов заключает договора с издательством «Жалын» для издания его литературных произведений. Автор произведений должен был сдать рукописи своих произведений именно в эти сроки.

Помимо литературных произведений Р. Утесинов сочинял стихотворения, которые печатались в областных и городских газетах и журналах.

В 1982 году было издано литературное произведение «Алыптың ашылуы». Автор в работе описывает открытие месторождения «Узень». Как приходилось бороться с природными условиями, бытовыми проблемами и парафином на месте.

Следующий год ознаменовался новым литературным трудом «Даладағы алау». Р. Утесинов демонстрирует читателям, как впервые годы добывалась нефть на промысле «Узень». Автор в автобиографическом жанре повествует читателям, как происходил процесс становления одного из ведущих нефтяных промыслов Казахстана.

Большой резонанс в литературной среде имело произведение Р. Утесинова «Первый перевал». Автор в книге демонстрирует читателям значимость изобретений на промысле «Узень», которая способствовала безотлагательной транспортировке нефти.

Приведем факты из этой книги «Огневой подогрев выкидной линии вписывается в технологическую схему внутри промыслового транспорта нефти. В качестве топлива используется попутный газ, отводимый из той же линии. Сначала грелась непосредственно сама линия в определенном участке, затем уже сооружались самодельные печи через каждые 500-700 метров. Конструкцию печей согласовывали с горнотехнической инспекцией и пожарным надзором. Начиная от оформления и кончая внедрением предложения, все делалось быстро.

Ту тяжелую зиму мы прожили в основном благополучно. План добычи выполнили. Самое главное – раз и навсегда решили вопрос

транспортировки нефти от скважины до групповой установки. Огневые печи одобрены нашим Министерством и получили гражданство в составе нефтепромыслового оборудования. Наша простая печь заменена сейчас усовершенствованными конструкциями. Будущий день, возможно, подскажет новые решения» [13].

Автор книги вспоминает об изобретении, которое успешно было внедрено в производство и облегчило труд нефтяников промысла. Незаурядные способности Р. Утесинова были отмечены широким кругом специалистов и ученых.

28 марта 1986 года объединение «Мангышлакнефть» выдвинула работу Р. Утесинова на соискание государственной премии Казахской ССР «Разработка и внедрение методов использования энергии углеводородных газов в интенсификации добычи нефти».

С 1963 по 1988 гг. данная работа нашла большой отклик на нефтяных промыслах страны. Приведем аннотацию на эту работу «во всех регионах и на всех основных этапах разработки нефтяных месторождений использование энергии газа в интенсификации добычи дала большой народно-хозяйственный эффект. Высокую оценку оно получило так же на встрече М.С Горбачёва с тюменскими нефтяниками».

Авторами проекта были помимо Р. Утесинова - Г.А. Халиков, С.А. Утебаев, Б.С. Муллаев и Б.С. Толыбеков.

В 1986 году в комитет по премиям Совета Министров СССР была представлена работа Р. Утесинова на соискание премии Совета Министров СССР «Разработка и внедрение методов использования энергии углеводородных газов в интенсификации добычи нефти».

Эта работа имела значимость в освоении нефтяных месторождений «Узень» и «Жетыбай». С 1981 по 1985 гг. работа Р. Утесинова и соавторов проекта была закончена и начала комплексно использоваться на нефтяных промыслах страны.

В аннотации отмечалось: «При внедрении работы были получены результаты: создан компрессорный и бескомпрессорный способ добычи нефти на углеводородном газе» [11].

Таким образом, после выхода на пенсию Р. Утесинов продолжил научно-исследовательскую деятельность, которые освещали его взгляды в решении данного вопроса. Рационализаторское предложение Р. Утесинова дало огромный экономический эффект по огневому подогреву выкидных линий.

В 1987 году он повторно удостоен почётной грамотой Верховного Совета Казахской ССР за заслуги в процессе внедрения рационализаторских идей. Также этот год ознаменовался тем, что его избрали членом Союза писателей Казахской ССР.

Во второй половине 80-х гг. XX века в республиканских изданиях писатели и журналисты Казахстана тепло отзывались о литературных произведениях Р. Утесинова.

В газете «Қазақ әдебиеті» в статье «Жизнь и литературная связь»: «например, мангистауец Рахмет Утесинов в своих произведениях указывал труд нефтяников и геологов...» [12].

В 1989 году его перу принадлежит книга «Кең жылой». Автор описывает читателям полуостров Мангышлак. В книге автор, основываясь на исторических сведениях, подробно описывает жизненные уклады местных жителей.

Затем после обретения независимости Казахстаном в свет вышли его другие труды, имевшие широкий резонанс в литературных кругах. В 1997 году «Мұнарлы күндер», в 2001 году сборник стихов «Жемчуг, лежащий на дне моря» и в 2002 году «Дороги и моды», том из серии «Писатели Атырауской области» под названием «Рахмет».

Его литературное произведение «Мұнарлы күндер» освещает начальный период репрессии. Именно 1937 год ознаменовался в истории Советского народа, как годом большого террора.

Автор демонстрирует читателям жизнь в казахском ауле и на промысле Доссор. Также он показывает сущность человеческой жизни, то есть предательство, дружбу, любовь и другие качества человека.

Таким образом, подведем итоги его деятельности после выхода на пенсию. С 70-х гг. XX века по 2011 годы Р. Утесинов продолжил заниматься научной деятельностью.

После обретения независимости Казахстана на нефтяной карте республики появились новые нефтяные месторождения, которые укрепили экономическую стабильность в стране.

Большими потоками начала инвестироваться нефтяная промышленность республики. Начали создаваться совместные нефтяные предприятия «ТШО», «КТК» и другие.

В годы независимости Р. Утесинов продолжал участвовать и оказывать советами помощь в становлении нефтяной промышленности Казахстана. За активную жизненную позицию Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев наградил ветерана нефтяной промышленности Р. Утесинова орденом «Құрмет» и медалью «Ерен еңбегі үшін».

Это событие случилось в 1999 году, когда республика отмечала 100-летний юбилей нефтяной промышленности Казахстана. Именно тогда государство с почестями наградило заслуженных нефтяников республики за их самоотверженный труд в ходе становления нефтяной промышленности независимого Казахстана.

Через два года Президент республики Н.А. Назарбаев за вклад в развитие нефтяной промышленности Казахстана вручил благодарственное письмо Р. Утесинову.

Именно в этот период времени раскрылись его научные взгляды. Рационализаторские предложения Р. Утесинова нашли большой отклик в научной среде и среди специалистов.

Обсуждения с научными корифеями республики были закреплены в его научных воззрениях. Примечательным является кандидатская диссертация Р. Утесинова.

В научном труде он полностью изложил аксиомы, которые были закреплены в его научных рассуждениях. Доказательством признания научного труда Р. Утесинова являются отзывы специалистов и ученых и премирование его работ ведущими ведомственными органами.

Также признание его литературных произведений заслуженными писателями и читателями республики нашли отражение в его очерках, романах и стихотворениях.

В литературных произведениях Р. Утесинов описывает нелегкую жизнь нефтяников и инженеров. Он раскрывает также сущность руководителей, их бюрократическую сущность. Именно эта сущность препятствовала внедрению рационализаторских идей инженеров.

Такой была научная и литературная жизнь замечательного человека, нефтяника и руководителя предприятия.

Список литературы:

1 Халиков Г.А, Утесинов Р.У, Захаров О.П, Нурсултанов А.М. «Использование энергии газовых горизонтов в добыче нефти на месторождениях полуострова Мангышлак» // «Горное дело». Алма-Ата. Выпуск - 1967.

2 Утесинов Р.У. «Пути использования нефтяного газа на промыслах Мангышлака» // «Газовое дело». М., 1972. - №6.

3 Утесинов Р.У. «Газлифтный способ эксплуатации нефтяных скважин на месторождениях Мангышлака» // «Нефтяное хозяйство». М., 1971. - №10.

4 Утесинов Р.У. «Использования промысловых насосов для профилактических мероприятий» // «Нефтяник». М., 1972. - № 7.

5 Утесинов Р.У. «Полнее использовать попутный газ» // «Народное хозяйство Казахстана». Алма-Ата., 1971. - № 3.

6 ЦГА РК, ф-2257; оп-1, д-6, л.3.

7 ЦГА РК, ф-2257; оп-1, д-66, л.130.

8 Писатель и время. Стенографический отчет. VIII съезд писателей Казахстана. – Алматы // «Жазушы», 1983, с.302.

9 В Центральном Государственном архиве кинофотодокументов и звукозаписей Республики Казахстан.

10 Уақыт Өмір Эдебиет. 1978 жылдың әбеди қорытындысына арналған жиналастан. // Қазақ әдебиеті. - 23 наурыз. 1979, 2-б.

11 ЦГА РК, ф-2257; оп-1, д-16, л.35.

12 «Өмір мен әдебиет байланысы» // Қазақ әдебиеті. 13 наурыз 1987, 11 б.

13 Өнегелі өмір: Рахмет Өтесінов туралы естеліктер, мақалалар, эсселер. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі», 2011, 448 б.

Аннотация

В этой статье рассматривается научно-исследовательское и литературное наследие Рахмета Утесинова известного нефтяника, основоположника нефтяного промысла в Новом Узене

Ключевые слова: нефтяная промышленность, Рахмет Утесинов, историческая наука, инженерно-технические кадры.

Abstract

This article examines the research and literary heritage of Rakhmet Utesinov, a well-known oilman, the founder of the oil industry in the New Uzen

Key words: oil industry, Rakhmet Utesinov, historical science, engineering and technical personnel

ҒТАМР 03.20

Ә.Т.Өмірзақов

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.

umirzakov-adilbe@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ МАЙТАЛМАНДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Атырау облысының ауыл шаруашылығы саласында аянбай еңбек еткен тұлғалар айтылған. Ауыл шаруашылығы – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін маңызды салалардың бірі. Атырау облысында шаруашылық саласында рекордтық көрсеткіш көрсеткен тұлғалардың қызметі зерттелді.

Негізгі сөздер: ауыл шаруашылығы, Атырау, Маржан Енбаева, Сақан Дәулетқалиев, Кісенбай Асабайұлы.

Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейін шаруашылықтың ілгерілеуіне көптеген азаматтар өз үлесін қосты. Облысымыздың ауыл шаруашылығының өркендеуіне аянбай еңбек еткен азаматтардың жарқын жетістіктері бүгінгі еңбек адамының үлгі алып, шаруашылығын өрлетуге таптырмас сабақ болып саналады.

Шаруашылық пен мәдени құрылыстағы аса үздік жетістіктері үшін еңбекте ерекше көзге түсіп, өздерінің аса үздік жаңашыл қызметтерімен қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға, халық шаруашылығын өрге бастыруға, ғылым мен техниканы дамытуға, КСРО-ның күш – қуатын нығайтып, даңқын шығаруға атсалысқандары үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі

Төралқасының 1938 жылғы 27 желтоқсандағы Жарлығы бойынша ауыл шаруашылығы саласының майталмандарына «Социалистік Еңбек Ері» марапаты берілді. Бұл марапатты біздің Атыраулық жерлестерімізде иеленді [1].

Елбасымыз Н.Назарбаевтың "Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам" атты тұжырымдамасында: «Тәуелсіз Қазақстанның түпкі мақсатын барлық игіліктермен қамтамасыз ете алатын, әлеуметтік әділдікті сақтайтын, еңбек мәртебесін жоғары ұстайтын ерікті қоғам орнату айтылған. Тұжырымдаманың басты қайнар көзі – еңбек етіп жүрген азаматтарды кейінгі ұрпаққа насихаттау арқылы қазақстандықтардың ата кәсіпті одан әрі жаңашылдықпен жандандыру болып табылады [2].

Сұрапыл соғыс жылдары ер азаматтар майданға аттанып, қазақ даласында қариялар мен шиттей бала-шағаның қалғаны баршамызға белгілі. Сол жылдары ағадан көрген тәлімін бойына сіңіріп, шаруашылықты игерген қазақтың қаршадай қызы – Маржан Енбаева еді.

«Жылқышы қыз» атанған Маржан Енбайқызы 1924 жылы Гурьев облысы, Есбол ауданында дүниеге келген. Жеті сыныптық білімі бар (кейбір деректерде төрт сыныптық білім), партия қатарында жоқ Маржан Енбаева қызмет бабын 1942 жылы бастаған. Соғысқа аттанған ағасының орнына қызметке тұрып, табынды жылқы шаруашылығын жетік меңгерген нағыз ізбасар атанады. 1944 жылы бас бақташы қызметіне ұсынылады. Бес жылдың ішінде (1942-1946 жж.) шығынсыз 232 құлын өсірді. 1947 жылы 52 биеден 52 құлын алды. 1948 жылы жылқы шаруашылығын дамытуда жаңа жетістіктерге жетеді. 1948 жылы 23 шілдедегі КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша «Социалистік Еңбек Ері» атағын иеленді. Осы жылы марапатқа жауап ретінде 54 құлын алған. Сонымен қатар, «Ленин» орденімен, «Орақ және балға» алтын жұлдызды медалімен марапатталды. 1949-1950 жылдары ауыр қиындықтарға қарамастан 60 биеден 57 құлын, 1951 жылы 73 биеден 63 құлын алды. 1956-1957 жылдары қаһарлы қыстан 132 бас жылқыны аман алып қалғанерлігі бүгінгі ұрпаққа өнегелі іс болып саналады [3, 8 п.].

Жарқын жетістіктерінің нәтижесі 1960 жылы Ленин колхозына жылқы фермасының меңгерушісі қызметіне әкеледі. 1963 жылға дейін жұмыс жасаған кезеңде жүктелген міндеттерді толық орындап, жылқы шаруашылығында орасан зор нәтижелерге қол жеткізеді. Амангелді атындағы совхоздың ұйымдастырылуына байланысты 1963 жылдан бастап совхоз шопанының көмекшісі қызметін атқарады. Шопан бригадасының кез-келген мәселесін қалт жібермей, белсенді түрде қатысады. Бұл кезеңдегі басты мақсаты – 6 айға дейінгі мүйізді ірі қара малдың төлі бұзауды сақтау еді. Қазақ қызы бұл мақсатына да жетеді [3, 9 п.].

Шаруашылықтың басын дөңгелетіп, Одақ көлемінде жоғары дәрежелі жетістіктерге жеткен жандар аз емес. Әкесінің жанында жүріп –ақ, шаруашылыққа етене араласып, республикалық деңгейде аты шыққан

жандардың бірі – Сақан Дәулетқалиұлы 1930 жылы Гурьев облысы, Есбол ауданында дүниеге келген. 1942 жылы «Передовик» колхозында көмекші шопаннан бастаған. Еңбек жолын бастаған «Передовик» колхозы облыстағы ең жоғарғы көрсеткіштерге ие болған колхоздардың бірі болды. С. Дәулетқалиев жиырма жыл ішінде шопандар бригадасын басқарып, жоғары нәтижелер көрсеткен. Жылма-жыл орта есеппен әр 100 саулықтан 152 қозы алған. 1957 жылы жоғары өндірістік табысқа ие болып, әр 100 аналықтан 141 қозы алды. Қажырлы еңбегінің нәтижесінде 1958 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталып, «Қазақ КСР мал шаруашылығы социалистік жарысының еңбек сіңірген шебері» құрметті атағы беріледі. 1960 жылы артта қалған бригаданы алып, қайта қалпына келтіріп, келесі жылы әр 100 саулықтан 140 қозы алған. Кейін бұл көрсеткіштер 147-ден 155-ке дейін жеткен [4, 1-п].

Ал 1963 жылы көрсеткіш 167 қозыға жетті. 1969 жылға дейін 100 аналыққа шаққанда 150-ден кем қозы алып көрген жоқ. Сол бір кезеңде Сақан Дәулетқалиевтің жасаған еңбегіне күмәнмен қарағандар да болды. Қол жеткен табыстары мен жетістіктері ғалымдардың назарын аударып, академик В.А.Бальмонт, профессорлар М.Ермеков, Х.Арыстанбеков, ғылым кандидаты А.Жандеркин келіп танысып, қой малының табиғи төлдегіштік қасиетін арттырудың мол мүмкіндіктері бар екенін аңғарды [4, 9-п].

1963 жылы «Ленин» орденімен, 1966 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын иеленеді. Аудан тұрғындары оны екі мәрте Қазақ КСР Жоғары Кеңесіне депутат етіп сайлады [4, 1-п].

Тоғызыншы бесжылдықтың айқындаушы жылы көптеген бригадаларға зор өрлеу әкелді. Сол өрлеу тұсында Кісенбай Асабаевтың есімі алтын әріппен жазылған. К.Асабаев қазақы саулықтың әр 100-нен 147 қозы, 3,2 килограмм жүн өндіру туралы бастаманы жүзеге асыру туралы алдына ұлы мақсат қояды. Малшылар үшін дүрбелеңге толы, қиын да абыройлы қызметтің бірі – қой төлдету науқаны болды. Қой төлдету науқанында 100 саулықтан 145 қозы алады. Науқанда қуантатын жағдайдың бірі – қоздаған саулықтардың көбінің егіз болуы еді [5, 1-п].

Кісенбай Асабайұлы 1935 жылы Жылыой ауданы (бұрынғы Ембі), Амангелді ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1955 жылы «Коммунизм таңы» колхозында колхозшылықтан бастап, 1963 жыл мал бағуға ауысып, «Қосшағыл» совхозының аға шопаны атанды. 1967 жылдан бастап Бүкілодақтық халық шаруашылығының жетістіктері көрмесіне қатысады. 1968 жылдан бастап Коммунистер партиясының мүшесі атанады. 1972 жылы күміс медальмен марапатталды. 1980 жылы «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері», 1986 жылы жоғары марапат – «Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты» атанды. 1991 жылы зейнеткерлікке шықты [5, 2 п.].

К.Асабаев ауыл шаруашылығы саласында жеткен жетістіктері ұшан-теңіз. Солардың бірі - XX ғасырдың 70-жылдарында орын алған рекордтық

жетістіктер еді.1975 жылы 100 қойдан 170 қозы, 1 қойдан 3,5 кг жүн алды. 1976 жылы 100 қойдан 165 қозы, 3,2 кг жүн алды [6, 10 п].

Мемлекетке жүн тапсыру бойынша 144 пайыз көрсеткішті көрсеткен. Ауыл шаруашылығы саласын өркендетудегі еселі еңбегі мен зор жетістіктері үшін 1973 жылы Ленин орденімен марапатталды [6, 21 п].

Ауыл шаруашылығы саласының майталмандары елдің өсіп-өркендеуіне бар күш-жігерлерін салды. Тарихта есімдері қалған еңбек адамдарының іс тәжірибесін кейінгі ұрпаққа үлгі ретінде көрсету – бүгінгі ұрпақтың міндеті.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 ҚазССР, Қысқаша энциклопедия, 2 том, Алматы, 1987 ж.
- 2 Н.Назарбаев, «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам», 2012 жыл.
- 3 Атырау облыстық мемлекеттік архиві (одан әрі, АТОМА) 346-қор, 1-тізбе, 52-іс.
- 4 АТОМА, 346-қор, 2-тізбе, 17-іс.
- 5 АТОМА, 346-қор, 2-тізбе, 1-іс.
- 6 АТОМА, 193-қор, 3-тізбе, 12-іс.

Аннотация

В этой статье рассматриваются деятели сельского хозяйства Атырауской области. Сельское хозяйство является одним из важнейших секторов социально-экономического развития государства. В Атырауской области изучена деятельность лиц, которые зафиксировали рекордный показатель в области экономики.

Ключевые слова: сельское хозяйство, Атырау, Маржан Енбаева, Сакан Даулеткалиев, Кисенбай Асабайұлы.

Abstract

This article examines the figures of agriculture in the Atyrau region. Agriculture is one of the most important sectors of the country's socio-economic development. In Atyrau Oblast, the activities of individuals who recorded a record economic record were studied.

Key words: agriculture, Atyrau, Marzhan Enbaeva, Sakan Dauletkaiev, Kisenbai Asabayuly.

О.Р.Қалмырза

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.

oryngul.kalmyrza@mail.ru

ҚАЛАМГЕР ТӨЛЕГЕН ЖАҢАБАЙҰЛЫНЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада публицист-жазушы Төлеген Жаңабайұлының шығармашылық өмірі мен публицистикалық шеберлігі айтылады. Төлеген Жаңабайұлының шығармалары талданып, жазушылық, ақындық қырлары сөз етіледі.

Негізгі сөздер: публицист, шығармашылық өмірі, қазақ әдебиеті, мол мұра.

Қазақ зерттеушілерінің ішінде публицистикаға тұңғыш анықтаманы А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде берді. Ол публицистиканы «көсем сөз» деген қазақ сөзімен байланыстарды. Қазақ елінің өркендеуіне дәуір тамырын дөп басып отыратын публицистиканың, соның доңғалағын дөңгелеткен қаламгерлердің үлесі орасан зор. Олар әр дәуір келбетін жаңғырта жеткізуде, бүгінгі заман талабына лайық байлам жасауда әркім әрқалай жолды таңдап алады. Мәселен, тарихшы дәуір талғамына тарихи тұрғыдан баға беруге ұмтылса, әдебиетші көркем туындылары арқылы үлес қосады. Қаламгерлер заман тынысын публицистика тілімен шындықтың шырайын аша көрсеткенді жөн көреді.

Сондай қаламгерлердің бірі – жазушы – публицист, ақын Төлеген Жаңабайұлы. Журналисттік пен жазушылық тізгінді қатар алып келе жатқан майталман жазушы. Туған жерге, отбасына, ағайын-досқа, ардақты азаматтарға арнаған кестелі ойын ақ қағазға түсірген, сонымен қатар қазақ әдебиетінде публицистика жанрының қанат жаюына өзіндік үлесін қосып келе жатқандардың бірі десек болады. Публицистика қай кезде болмасын әдебиеттің алғы шептегі барлаушысы, тыңнан жол салатын, жаңа тақырыптардың көзін ашатын жаңашыл жасағы, жауынгер құралы.

Төлеген Жаңабайұлының публицистикасы туған жұртының тұрмыс-тіршілігімен байланысты болып келеді. Ақын жүрегін тебіrentпеген тақырып кем де кем екенін байқаймыз. Оның өлеңдерінде адам жанынының небір нәзік пернелерін жаңылмай басып, біресе сыңғыры мол сырға, біресе күңіренісі мол мұңға батыратын сәттерімен қатар, атақонысының даласы мен қаласын, данасы мен баласын, тарихы мен тағылымын, салты мен салауатын сан қырынан толғаған тұстар молынан ұшырасады. Осының бәрі – Төлеген Жаңабайұлының көңілімен түйген ойлар, бейнесі анық, бояуы қанық

дүниелер. Шеберліктің шеңберіне салған кезде тақырыптың ұсақ-түйегі болмайтынын публицист өлеңін абайлап, аңғара оқығанда түсіне бастайсың.

Жора-жолдастарына, туған-туыстарына жазған жырларынан аңқылдаған адалдық пен ақтық, ақ алмастай жарқылдаған кісілік пен пәктік – ақын поэзиясының алтын арқауы екенін көреміз. Оны ақынның жазған өлеңдерінің әр тармағынан байқасақ болады. Мысалға, «Таптым асыл жанымды», «Қибат шеше», «Балдыздар-ай, балдыздар», «Достыққа, сірә, жетер жоқ» деген өлеңін ақын сыныптас құрдасына арнаған, «Келіндер сендей болсын, Рысты», «Айналайын, Айнамкөз», «Сүйіктісі ағамның», «Әлпешті, Әсет, әлпеште», «Ұлы Жамбыл аттасы» деген өлеңін Жамбыл жиенінің туылған күніне арнаған, «Қаршыға тектес Әндіржан», «Айболаттай теңін тапты Нұрлыгүл» және т.б. деген өлеңдерінің тақырыбынан жырдың нақты кейіпкері кім екенін білуге болады. Төлеген Жаңабайұлының жақындарына арнап жазған жырлары өте көп. Бұл қаламгер шығармашылығының ауқымды тақырыптарының бірі десек те болады. Отбасында әр адамның мерейтойына, маңызды күніне арнап жүрек жарды тілегін, ақ батасын өлең арқылы жеткізіп отырған. Оған мысал ретінде Тау тұлға бол ер жетіп деген өлеңін талдап көрейік:

Мерейжан, өссің мерейің,
Биіктен самғау көрейін
Алғашқы мүшел жасында,
Батамды осы берейін-деп, іргелес көршісінің баласы

Мерей Ғабитұлына шын жүректен шыққан тілегімен, аталық батасын айтады. Осындай бірнеше мысалдарды тізбектеп келтіруге болады. Мәселен, махаббат лирикасынан мысал келтірсек:

Көңілім жұлдызбен сырласты,
Сәулемдей жымыңдап шақырған.
Жүрекке сыр-күйді жырласты,

Бейне бір таңым ба атырған-деп, ақын жүрек сезім сырын шерткенде іштегі алапат сезімді теңеулермен бейнелеп жырға қосты. Жүрекке сыймай, өлең болып ақ парақтың бетіне түскен бұл жыр ақынның асыл жарына арналған еді. Қаламгер буыныңды балқытып, көңіліңді шалқытар лирикалық өлеңдерімен қатар ел рухын, ер еңсесін көтерер азаматтық-патриоттық тақырыптағы туындыларымен де ерекшеленер қалам иесі. Публицист табиғаты бұнда да шынайылықты шырақ етіп, бұра тартуға мұрша қалдырмайды. Оның «Есте ғой, есте, сұрапыл соғыс» деген кітабы ерлік тақырыбына жазылған повесть, очерктер, эсселер, мақалалардан тұрады. Ол - Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойына жазушы тарапынан жырық көрген сыйлық, яғни кітап.

Бұл кітапта 1418 күнге созылған алапат майданда болған оқиғалар тізбектелген. Ұлы Отан соғысында қайсарлықпен қызмет етіп, батылдықпен жау алдында туған өлкелерін қорғаған батырлар, бүгінгі ардагерлер туралы сөз болады. Жайық өзенінің төменгі сағасындағы жаудың бомбаларынан қырағылық пен батылдық, жігерлілік пен іскерліктің керемет үлгісі мен

өнегесін көрсеткен атыраулық батырлардың ерен еңбектерін келешек ұрпаққа үлгі ету мақсатында жазылған. Онда Атырау аймағынан соғысқа кеткендердің саны, осы аймақта қалып сол сардарларға киім болсын деп жүн иіріп, азық болсын деп төрт түлік өсіріп, егін еккен азаматтардың ерен еңбектерін атап өтеді. Мысалы, Атырау өңірінен 42505 адам елімізді неміс басқыншыларынан қорғауға аттанды деп кітапта көрсетілген. Майданда қаза тауып, отбасына оралмағандардың саны 13827 боздақ делінген. Осылар туралы кітапта нақты айтылады. Мұса Баймұқановтың Кеңес Одағы батыры, Шүкір Еркіовтың «Даңқ» орденінің толық кавалері атанғаны туралы жеке тақырып арнап, ой бөліседі. Тақырыптар алуан түрлі. Бірі «Воронежге барып, 73 жылдан соң әкемнің бейітін тауып қайттым» деген болса, енді бірі «Тоғысқан тілектер, табысқан жүректер» деген атаумен майдангер Тәжіғали Садықов пен тыл аруы Сәния Ысқақова арасын байланыстырған хаттар туралы сөз болады. Бұлардың барлығын жазуда Төлеген Жаңабайұлы бір мақсатты ғана көздеді. Соғыс алаңында аянбай қызмет еткен сарбаздар мен оларға қажет заттарды майданға жіберу үшін жұмыс істеуден тынбаған еңбек өрендерінің есімі айтылмай келе жатқанына қиналып, осындай публицистикалық еңбегін жариялады. Оны «Немістердің үстінен ажал оқтарын сепкен авиация майоры Ермұқан Ідірісов, танкты ұршықша иірген взвод командирі Шәкір Сымғалиев, зеңбірекшілер тобын басқарған Қалу Мақиев және де басқа қызылқоғалық майдангерлерді қалай дәріптемейсің? Олар жөнінде зерттеу, тиянақтау істері жөнге қойылып, очерктер, эсселер жазылса құба-құп болар еді. Ең болмаса, публицистикалық дүниелерде аттары аталса кейінгі ұрпағы, зәузаты үшін мақтаныш болмай ма?» - деп жазылған қаламгер сөзінен аңғарамыз [1.6]

Төлеген Жаңабайұлының публицистикасына журналисттік қызмет етіп жүрген кезінде жарық көрген мақалаларын дамысал етіп келтірсек болады. Олардың тақырыбы сан алуан, сол кездегі заман ағымының көкейтесті мәселелері көтеріліп отырғандығын аңғаруға болады. Ол қай саланы болмасын мұқият зерттеп, жазады. Жиі жазылған тақырыптардың бірі ауыл шаруашылығы. Себебі, оның журналисттік өмір жолы осы ауыл өмірімен тығыз байланысты. Аудандық Коммунизм туы (қазіргі Қызылқоға) газетінде жүріп-ақ мал шаруашылығы мәселелерін қыл қалам ұшымен терең бейнелей білген журналист келе-келе бұл тақырыпқа әбден машықтанып та алды. Оның еңбегі де ауыл ішіндегі тұрғындардың арасында жоғары бағаланды. Ол мақалаларында цифрларға көп мән берді. Себебі, статистикалық салыстырулар мақаланың нанымды шығуына септігін тигізеді. Мына бір мақаласын мысалға алсақ: «Ежелден Ақ Жайық жағалауы – ақтылы қойға құтты мекен болған аймақ. Мұнда бұдан 15-20 жыл бұрын шопандар тамаша рекордтар тасқынын туғызды. 1966 жылы Индер ауданы бойынша әр жүз саулықтан 148 қозы, ал 1967 жылы 150 қозы алынды. Ал, ауданның Переводик совхозы осы көрсеткішті 159-165-ке жеткізді. Өкінішке орай бұл цифрлардың еңсесі кейінгі жылдары елеулі түрде аласырып кетті. Тіпті оның жүзден төмен сырғыған кезі де болды. Неге бұлай? Байырғы шопандарды

осы мәселе қатты толғантады» [2.1] Осылай басталатын «Міндет биігінен қарасақ»... атты мақаласы Индерауданында қой шаруашылығын өркендету талап деңгейінен төмендеп кеткенін ерекше атап көрсетеді. Бұл журналисттің іздемпаздылығын, әсіресе, экономикалық бағытта тақырыпты талдай алатындығын көрсетеді. Төлеген Жаңабайұлы мал шаруашылығы тақырыбында да мақалалар жазды. Онда шопандар ауылын, малды қыстаққа дайындау жолындағы фермалардың жай-күйі, ауылда мал дәрігерлерінің сиреп бара жатқандығын ашық жазды. Мысалы, «Коммунисттік еңбек» газетінде мынандай мақаласы жарық көріпті: «Өкінішке орай, соңғы жылдары Қызылқоға ауданы шаруашылықтарында мал мамандарының қатары өте сиреп барады. Әсіресе, фермалардағы зоотехникалық мал-дәрігерлік қызметтің тұтқасын ұстаушыларға мақтаудан гөрі сын садағы көбірек тиіп жатады. Бұл – ойлантарлық жай»– деп қазіргі уақытта да маңыздылығын жоғалтпаған мәселеге тоқталады [3.2] Осы мамандыққа тегін оқу гранттары бөлінседе, мал дәрігерінің саны көбеймей тұрғаны тек қана ауданның емес, еліміздің шешімін таппаған жағдай. Өзекті мәселелерді көтеріп, көкейтесті сұрақтарға жауап іздеп, ауқымды тақырыптарды мұқият зерттеп мақала жазған журналист Төлеген Жаңабайұлының шығармашылығы публицистикалық еңбектерге өте бай. Оның туған өлкесіне, кіндік қаны тамған Қызылқоға ауданына арнаған өлеңдері, жазбалары көп кездеседі, Ақын туған жеріне деген ыстық сағынышын өлең арқылы жеткізіп отырған. Ұмтылмас балалық шағы өткен алтын бесігін мақтана отырып оған жыр арнайды. Мысалы, «Ел-тірегім» деген өлеңінде:

Сен жайлы сан толғанып, желпінемін,
Туған жер Қызылқоғам – ел, тірегім.
Құба дәң, бұйра құмды, көк майсалы,

Далаңа жан-тәніммен елтігенмін, - деп, туған жердің табиғатын тамаша теңеулермен бейнелеп берді. Төлеген Жаңабайұлының табиғат лирикасындағы туған жер келбеті, өлең өрнектеріндегі табиғат перзенттері, жырға айналған жыл мезгілдері деп топтауға болады. «Табиғатты құрттық-ау», «Тынығайын қырға барып», «Аялай түсші ақ жаңбыр», «Күз», «Өзенім», «Жеті қарақшы», «Боранды түн», «Қызғалдақ» және т.б. табиғатты жырлайды. Мысалы мына «Күз» деген төрт жол өлеңінде:

Ебіменен, деміменен сағасынан күз іліп,
Жапырақтар түсіп жатыр, түсіп жатыр үзіліп.
Қарашалар тектесіне, көсеміне ілесіп,

Жылы жаққа барады ұшып, барады ұшып тізіліп-деп, күз мезгілінде болатын барлық табиғат құбылысын бір шумақ өлеңге сыйғызады. Бұл деген ақынның өлең жазудағы асқан шеберлігін көрсетеді. Ол көз алдындағы көріністерді жәй ғана көзбен көріп қоймай, көкірікпен қабылдап, өзінше, өзгеше бір бейнемен кейіптеп, кестеліп, бедерлеп көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Төлеген Жаңабайұлының публицистикасы мен ой толғаулары – ерекше әсермен жазылған публицистикалық тың дүниелер. Қаламгер шығармашылығы – еліміздің болашақ жас ұрпақтарына, жалпы барлық адамзатқа тәрбие беретін, үлгі көрсететін туындылар. Себебі, ол шығармаларында ерлікті насихаттады, туған жерді құрметтеуді, табиғатты қастерлеуді, отбасына сүйіспеншілікпен қарауды және де тағы басқа адами құндылықтарды жазды, жырларды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 «Міндет биігінен қарасақ...»\\ Коммунистік еңбек, №52, 1980 жыл.
- 2 «Мал маман орындаушылар ғана ма?»\\ Коммунистік еңбек, №131, 1985 жыл.
- 3 Т.Жаңабайұлы \ Кәусар – Алматы: «Арыс» баспасы, 2014ж.
- 4 Өтепберген Әлімгереев \ Атырау қаламгерлері – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2014 ж.
- 5 Т.Жаңабайұлы \ Қыран қияға қонады – Алматы: «Арыс» баспасы, 2014 ж.
- 6 Т.Жаңабайұлы \ Есте ғой, есте, сұрапыл соғыс – Атырау: «Ақ Жайық» баспасы, 2015 ж.
- 7 Т.Жаңабайұлы \ Сырбаз сырлар – Ақтөбе: «А - Полиграфия» баспасы, 2004 ж.
- 8 Т.Жаңабайұлы \ Атырау көсемсөзшілері – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2014 ж.
- 9 Т.Жаңабайұлы \ Атырау қаламгерлерінің көркем публицистикасы – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспа орталығы, 2015 ж.
- 10 Т.Жаңабайұлы \ Зілдей сөзді Зімбіл – Атырау, 2001 ж.
- 11 Т.Жаңабайұлы \ Шалдығып жеткен шындық – Атырау, 1997 ж.
- 12 Т.Жаңабайұлы \ Тайсойған-Бүйрек ақындары – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС баспасы, 2003 ж.
- 13 Т.Жаңабайұлы \ Ығылман – Алматы: «Арыс» баспасы, 2001 ж.
- 14 Т.Жаңабайұлы \ Іңкәр сезім – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС баспасы, 2003 ж.
- 15 Ахмет Байтұрсынов \ Әдебиет танытқыш – Алматы «Атамұра», 2003 ж.

Аннотация

В статье рассказывает о творческой жизни писателя – публициста Төлегена Жанабая, говорится о творческой жизни и публицистическом мастерстве автора. Анализирует особенности творческого вклада писателя-публициста в казахской литературе. Его творчества пример для нового поколения.

Ключевые слова: публицист, творческая жизнь, казахская литература, богатое наследие.

Abstract

In this article the author talks about the creative life of the writer TolegenJanabay elaborates on the creative life of the author and journalistic skill. The author analyzes the characteristics of the creative contribution of the writer and publicist in the Kazakh li. Above was an example for a new generaton.

Key words: publicist, creative life,kazakh literature, rich heritage.

ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

ҒТАМР 34.31.07

Қ.И.Галимов

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.

k.ibragimovich@mail.ru

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ БІЛІМ
БЕРУДЕ АКТ ПӘНІН ЕНГІЗУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ**

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі орта білім беру ұйымдарының бастауыш сыныптарда жаңартылған білім беру жағдайында оқушылар АКТ пәнін оқытудың тиімділігі мен маңыздылығы қарастырылады.

Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық техникаларды меңгеріп, ақпараттық мәдениеттілікке үйреніп бейімделуі қазіргі таңда өзекті мәселе болып отыр.

Негізгі сөздер: ақпараттық технология, информатика, жаңартылған білім беру, пропедевтикалық курс.

Жаһандық өмір талабына сай жаңартылған білім беру жағдайында компьютерлік сауаттылықты жылдам дамыта отырып, педагогикалық, психологиялық әдістемелік бастапқы дайындықты қалыптастырмайынша, балалар өз білім деңгейін көтере алмайды. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» [1]-деп Елбасымыз айтып көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы өте зор. Қоғамда білім беру жүйесін дамытуда ақпараттық, инновациялық технологияларды қажеттілігі қарыштап тұрған кезеңде Елбасы өз назарында өзекті мәселе ретінде қарап отырған сөзсіз. Елімізге арналған дәстүрлі жолдауында білім беру саласын дамытуда кең көлемде міндеттер қойып, сенім артып отыр.

Сол себепті АКТ пәнін бастауыш сыныптан бастап енгізу қажеттілігі туындайтыны баршамызға аян. Бастауыш сынып оқушыларына информатика мен жаңа ақпараттық технология элементтерін енгізудің қажет екендігі зерттеу жұмыстары арқылы толық жүргізіліп, оқыту әдістемелері жан жақты қарастырылады. Атап айтатын болсақ, отандық және шет елдік зерттеулермен таныса отырып, алдымен теориялық материалдар жиналады,

кейін осы жиналған материалдарға қатысты бағдарлама жасалды осы жасаған бағдарламаға сәйкес жазылған әрбір тақырыпқа тереңнен талдау жасалады.

Ол үшін алдымен бастауыш мектептерге арналған әр түрлі басылымдағы педагогикалық – психологиялық теорияға негізделген көзқарастарды, мектептегі тәжірибелі мамандар бастауыш сынып мұғалімдерінің көзқарастарын есепке ала отырып, осы мақсатта жүргізілген ата-аналар пікірі мен экспериментар жұмыстың қорытындысын қолдана отырып бастауыш білім беруден бастап АКТ пәні бойынша өткізілетін сабақтардың жылдық күнтізбелік – тақырыптық жоспарының үлгісі жасалды.

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру жағдайында оқушылар АКТ пәнін жеңіл және тез меңгеруде, олардың қазіргі өмір ағымына деген көзқарастарының жан-жақты жоғары дәрежеде дамуына байланысты, енді информатика (АКТ) пәнін тіпті 1-ші сыныптан бастап енгізуге болады деген пікірімді ұсынамын.

Ақпараттық қоғамда жаңартылған білім беру жағдайында балаларды компьютермен жұмыс істеуге дайындау үшін алдымен логикалық ойлауға, талдау жасай білуге, өзара қарым – қатынасқа үйрету керек. Психологтардың айтуы бойынша, баланың негізгі логикалық ойлауы 4-6 жас аралықа қалыптасады.

Орта білім беру мекемелерінде жаңартылған білім беру жағдайында информатиканы оқыту дара бағдарламамен жүзеге асуда. Ал бастауышта бұл дара пән ретінде емес, орыс, қазақ тілдері мен математикаға қолдаушы пән ретінде жүреді. Бұл әдістің негізгі мазмұны төмендегідей:

- Математика мен орыс тілі курстарының сабақтастығы;
- Мазмұнды логикалық тапсырмаларды мақсатты түрде енгізу, дидактикалық ойындар мен дәстүрлі емес мақсаттарды биік деңгейде шеше білуге үйрету.

Жаңа ақпараттық технологияның жылдан жылға кең құлаш жайып дамуы адам қызметінің барлық салаларына енуіне орай, жас ұрпақты компьютерлік техниканы пайдалану үшін даярлауда, олардың компьютерлерге деген оң көзқарасын қалыптастырумен қатар, оқушылардың сыныпта және сыныптан тыс оқу қызметін компьютер арқылы ұйымдастыру Елбасының «Қазақстан 2030» бағдарламасында көрсетілгендей көкейкесті мәселелердің бірі. Бұл мәселелер бойынша тәжірибелер жинақталып жоғары жаққа ұсынылды.

Қазірден бастап балаларды кішкентайынан өздерін қоршаған ортамен жан-жақты таныстыру, олардың логикалық ой өрісін шығармашылық жағынан дамыту, сөйлеу және жүріс – тұрыс мәдениеттілігін арттыру, оларды компьютер әлеміне баулу бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Осы мәселелердің әр-түрлі жолдары қарастырылып, басқа шет мемлекеттердің оқу іс тәжірибелерін оқып, үйрене отырып:

1. Бастауыш мектепте оқытылатын сабақтарда компьютерді жиі пайдалану;

2. Бастауыш сыныптан бастап жүйелі түрде информатика пәнін оқыту;

3. Мектептерде балаларға арналған информатика үйірмелерін ұйымдастыру арқылы жүргізуге болатынына көз жеткізуде.

Ал жоғарыда көрсетілген әдістердің барлығы бір бірімен ұштастырылса, жас буынның компьютерлік сауатты, әрі компьютерлік мәдениетті болып өсуіне жол ашады.

Жаңартылған білім беру жағдайындағы ғылым мен техниканың жылдан жылға кең өріс алып, жедел қарқынмен дамуы, білімнің негізі болып табылатын – бастауыш мектепке де өз әсерін тигізуде.

Сондықтан бастауыш білім жүйесіне басты мақсат – әрбір оқушыны информатика ғылымының алғашқы фундаментальді білім негіздерімен таныстыру, өз бетімен жұмысын арттыру мен шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа ақпараттық технологияны пайдалану және оның тиімді әдістемесін ұсыну.

Сонымен қатар, оларды информатика пәнін мектепте оқытатын басқа пәндер мен үйлестіре отырып түпкілікті және саналы түрде меңгеруге қажетті дағдылармен қамтамасыз ету болып табылады.

Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл мұғалімге бастауыштағы оқу үрдісінің құрылымын түбегейлі өзгерту, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге және жеке қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы. Сонымен қатар, жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз-өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жеңістіктерінен ләззат алуға мүмкіндік беруі.

АКТ пәні бастауыш білім беруден бастап енгізілгенмен, оны әртүрлі әдістермен оқытып, осы пәнге деген бала қызығушылығын арттыратын түрлі оқыту бағдарламалары, әсіресе қазақ мектептері үшін өте тапшы. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларына информатика сабағын жүргізудің тиімді жолдарын қарастырып, оны нақты материалдармен теориялық және практикалық жағынан байыта түсу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Бастауыш сыныпта АКТ-ны оқыту...

АКТ пәнінің пропедевтикалық курсы бастауыш сыныптан бастап оқытуға болатындығы және оның тиімділігі дүниежүзілік тәрбие негізінде дәлелденіп отыр.

Ғалымдардың, практик – мұғалімдердің пікірінше, жаңартылған білім беру жағдайында бұл пәнді бастауыш сыныптарда оқытуға негіз болатын факторлар мыналар:

- бастауыш мектеп оқушысын ақпараттық қоғамға бейімдеу;
- ерте жастан балалардың ақпараттық ойлау қабілетін дамыту;
- бастауыш мектеп оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыра отырып, әлемдік ақпараттық білім кеңістігіне даярлау.

Ресей ғылымдарының соңғы зерттеулеріне сүйенсек бастауыш сыныптағы АКТ-ның пропедевтикалық курсының негізгі бағыттары төмендегідей:

1. Қолданушылық.

Мұнда оқушылар компьютермен алғаш танысып, оқу, ойындық және бастауыштағы пәндер мазмұнына құралған жаттықтырушы бағдарламалар негізінде компьютерлік сауаттылықтары қалыптасады. Бұл бағытты қолданушылардың пікірінше, баланың компьютерлік сауаттылықты меңгеруі – бұл сабақта және сабақтан тыс кезде компьютерді өз қажетіне қарай еркін пайдалана білуі, сондай ақ техникаға сауатты ұқыпты қарауы.

Қолданушылық бағыттары пропедевтикалық информатиканы меңгеру нәтижесінде оқушыларда төмендегідей білім мен іскерлік қалыптасуы тиіс:

- оқу ойын бағдарламалары мен жұмыс істей білу;
- программалармен жұмыс істеу кезінде бағдарламалық құжаттарды пайдалану;
- программамен жұмыс істеуге машықтану, программаны енгізу, керектісін табу, өз бетімен жұмыс істеу.

2. Ақпаратты – логикалық.

Бұл бағыт бойынша оқыту біріншіден, оқушылардың қоршаған ортаның элементтерін танып, оларды ажырата білу қабілеттерін дамытса, екіншіден, ойлау, есте сақтау қабілеттерімен қатар байқағыштығын зейінін, берілген тапсырманы орындаудың оңтайлы, тиімді жолдарын таба білу қабілетінің дамуына әсері мол. Психологтардың зерттеуінше, ойлаудың логикалық құрылымының негіздері 5-11 жас аралығында қалыптасады.

Сондықтанда алгоритмдік даму қабілеттерін барынша ерте жастан қалыптастыру қажеттігі өзінен-өзі туындайды.

3. Шығармашылық.

Бағыт бойынша оқытудың жаңа әдіс – тәсілдерін қолдану арқылы баланың кішкентай кезінен дүниеге өзіндік көзқарастарының қалыптасуына жол ашу, үздіксіз білім алуға дайындаудың тиімді жолдарын іздестіру. Басты мақсаты – оқушы зерттеуші есебінде.

4. Дәстүрлі курсқа информатика элементтерін қосу.

Ғылымдардың зерттеулері бойынша, жаңартылған білім беру жағдайы негізінде оқу процесінің тиімділігін арттыруда ақпараттық технологиялардың рөлі зор.

Бүгінгі күні ғаламдық психологтар мен педагогтар оқу процесінің тиімділігін арттырудың негізгі тәсілі ретінде төмендегі шарттарды ұсынады:

1. Проблемалық оқытуды қолдану;
2. Алгоритмдік оқыту;
3. Оқытуды ақпараттандыру;

5. Жаңартылған білім беру жағдайында пәнаралық кіріктіру.

Жаңартылған білім беру жағдайында АКТ пәні баланың техника құлағында ойлап отырған өз замандастарынан кем болмауы үшін қажет. Кез келген пәнді үйретудің әдістемелік негізі 5 компоненттен тұрады. Олар:

мақсат, мазмұн, әдістер, қажетті құрал жабдықпен оқыту формасы. Информатика үшін қазір әдістерінің жолдары жаңартылған білім беру бірге жаңарып отыр. [2]

Жаңартылған білім беру жағдайында бастауыш сыныптарда АКТ пәнінің мақсатын төмендегідей сипаттауға болады:

1. Ақпараттық сауат ашудың басты негізі;
2. Ойды логикалық түрде дамыту;
3. Алгоритмдік білімді жетілдіру мен мақсатты шешудегі жүйелілік;
4. Компьютерді үйренудің оңай жолдарын іздеу. [3]

Бастауыш сыныптарда бала үшін оқудың негізгі саласы ойын болып табылады. Ойын және ойын жағдайлары баланың жан-жақты ой-өрісінің дамуына да, тәрбиесіне де әсер етеді. Сонымен бірге әртүрлі педагогикалық мәселелерді шешуге көмектеседі. Информатика (АКТ) ойын әдістемелері негізінде өткізу өте пайдалы. Себебі бұл өзіне барлық жұмыс түрлерін қосып баланың шығармашылықпен жұмыс істеуіне, ой-өрісінің дамуына кең мүмкіндік береді.

Адамның тұлғалық қалыптасуы-үздіксіз және күрделі процесс. Ол білім алудың белгілі бір сатысымен шектелмейді. Бүгінгі таңда демек болашақта да білім қажеттілігі адамның белсенді өмірін қамтиды. Сондықтан жастардың бүгінгі білімі – болашақта өз білімін жетілдірудің және өз бетімен білім алуларының тек қана негізі.

Мұнан шығатын қорытынды-жаңартылған білім беру жағдайында оқушыларды үздіксіз білім алуға дайындаудың тиімді жолдарын іздестіру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.

2 М.Ғалымжанова, Информатика негіздері «Ақпараттық технологияларды сабақта қолдану» - №3, 2006 ж.

3 Қ.Шәдиев, Қазақстан мектебі, №5, 2006 ж.

Abstract

This article examines the effectiveness and relevance of teaching ICT to students in modern primary education in primary education.

Currently, one of the most pressing problems is the acquisition of information technology students in primary schools, adapted to the information culture.

Key words: information technology, informatics, up-to-date education, propaedeutic course.

FTAMP 06.56.31

Э.М.Адиетова, С.Б.Жубанова, Ғ.Арманқызы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.

adiet_elm79@mail.ru, s.zhubanova@asu.edu.kz

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫНЫҢ
ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ ЖАСАУ**

Аңдатпа

Әлеуметтік – еңбек инновациясы еңбек ресурстарын басқарудағы өзекті мәселе болып табылады. Мақалада ҚР-ның еңбек ресурстарының қазіргі жағдайына талдау жасалған, еңбек ресурстарын басқаруда әлеуметтік - еңбек инновациясының нәтижелік көрсеткіштерінің жіктелуі көрсетілген.

Негізгі сөздер: еңбек ресурстары, әлеуметтік-еңбек инновациясы, статистика, нәтижелік көрсеткіштер.

Қазақстан экономикасының инновациялық даму жолына көшуі адам капиталын басқарудың тиімді механизмін қалыптастыру арқылы жүзеге асады. Заманауи экономикалық жағдайлардың күрделі сипаттамасы әлеуметтік – еңбек қатынастарының мәселелерінің қаралуын, еңбек ресурстарын басқарудағы жаңашылдық механизмінің игерілуін талап етіп отыр.

Тұрғындардың тез қартаюы өмір сүру уақытының қысқаруымен және білім беру, денсаулық жүйелерінің дұрыс қамтылмауымен, жақын шетелден жұмыс күшін тартуымен байланыстырады.

Ұзаққа созылған зейнетақылық реформа демографиялық жүктеме мәселесін шешуге бағытталған еді, бірақ бұл реформалар ағде жастағы азаматтардың, жұмысшылар мен қызметкерлердің жағдайларын күрделендіре отырып, еңбек нарығына үнемі өзгерістер ала келеді. Аталған жағдайлар үлкен жастағы еңбек ресурстарын басқару қажеттілігін туындатып отыр. Еңбек ресурстарын жас ерекшелігіне байланысты басқарудың әдістері мен құралдарын жетілдіру қажет [1].

Бұған қоса, әлеуметтік еңбек саласында әлеуметтік – еңбек мәселелерін шешу және бағалау нәтижелелерінің инновациясын қарастыру қажет.

Әлеуметтік - еңбек инновациясы арқылы еңбек ресурстарын басқару мәселелерін шешу мақсатқа бағытталған болу қажет, олай болмаған жағдайда әлеуметтік өзгерістер инновацияға жатқызылмайды. Әлеуметтік – еңбек инновациясы еңбек ресурстарын басқарудағы өзекті мәселе болып табылады. Осыған байланысты ҚР- ның еңбек ресурстарының қазіргі жағдайына талдау жасауымыз қажет.

2017 жылғы II тоқсанда 15 және одан жоғары жастағы жұмыс күшінің (экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың) саны 9,0 млн. адамды құрады. Республика экономикасында 8,5 млн. адам жұмыспен қамтылды немесе 15 және одан жоғары жастағы халықтың 66,1%. Жалдамалы қызметкерлер саны 6,4 млн. адамды құрады және 2016 жылғы II тоқсанмен салыстырғанда олардың саны 76,0мың адамға (1,2%-ға) артты.

Жалданып жұмыс істейтіндердің негізгі үлесі кәсіпорындарда (ұйымдарда) жұмыспен қамтылды – 89,9% (5,7 млн.адам). Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар саны 2,2 млн. адамды құрады. Өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың негізгі бөлігі өз қызметін ауыл шаруашылығында (42,3%), сондай-ақ сауда саласында (29,4%), көлік қызметін көрсетуде (9,8%) және құрылыста (7,6%) жүзеге асырды.

Жоғары және орта кәсіптік (арнаулы) білімі барлар 6,5 млн. адам, бұл жұмыспен қамтылған халықтың 75,8% құрайды. Ерлермен салыстырғандағы жоғары және орта кәсіптік білімі бар жұмыспен қамтылған әйелдердің үлесі жоғары.

2017 жылғы II тоқсанда жұмыссыздар саны (табысты жұмысы болмаған, оны үздіксіз іздеген және оған кірісуге дайын болған 15 және одан жоғары жастағы адамдар) 439,3 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі 4,9% (2016 жылғы I тоқсанда – 5,0%) құрады.

Әртүрлі категориядағы еңбек ресурстарын басқару 2 бағыт бойынша қаралады.

- 1) Жасы мен жынысына байланысты еңбек ресурстарының құрылымы
- 2) Еңбек ресурстарының кәсіби - біліктілік құрылымы

Талдау нәтижесі көрсеткеніндей ҚР-ның еңбек ресурстарының кәсіби-біліктілік құрылымында кәсіби білім беру жүйесінің жаңа деңгейіне көшкен соң көптеген өзгерістер орын алды. Кәсіби білім нарығындағы реформа әлі аяқталған жоқ, бірақ нарық әзірге «бакалавр» мен «магистрлерді» дайындап жатыр. Айта кету керек жұмысқа қабілеттілікті жоғалту қартайып өлуден бұрын болады. Ресми статистикада тұрғындардың өмір сүру ұзақтығы айтылмайды.

Жасы мен жынысына байланысты әлеуметтік - экономикалық статистика көрсеткіштерін талдау нәтижесі әр түрлі жастағы еңбек ресурстарының дамуындағы өзгерістерді көрсетеді. Әсіресе 50 жастан жоғары адамдар үшін макродеңгейде еңбек ресурстарының даму интенсивтілігінің төмендегенін көрсетеді [7, 45-526].

Өзбетінше жұмыспен қамтылған халықтың жасы бойынша

	Барлығы	Соның ішінде					Анықтама үшін	
		15	16-24	25-54	55-64	65 және одан асқан-дар	Әйелдер 16-58 жастағы ерлер 16-63 жастағы	Әйелдер 58 және одан асқан жастағы, ерлер 63 және одан асқан
Барлық халық								
2013 жылғы 1 тоқсан	2 634 753	2 339	426 395	1 896 009	279 864	30 146	2 550 190	82 224
2013 жылғы 2 тоқсан	2 656 279	1 695	412 697	1 909 622	294 703	37 562	2 554 841	99 743
2013 жылғы 3 тоқсан	2 623 700	865	403 251	1 886 509	295 313	37 762	2 518 962	103 873
2013 жылғы 4 тоқсан	2 596 044	868	376 445	1 904 879	284 695	29 157	2 505 864	89 312
2013 жылы	2 620 965	1 455	407 098	1 890 593	288 010	33 809	2 525 508	94 002
2014 жылғы 1 тоқсан	2 564 846	4 843	390 846	1 856 013	278 247	34 897	2 469 496	90 507
2014 жылғы 2 тоқсан	2 610 711	2 259	379 496	1 881 952	294 352	52 652	2 487 275	121 177
2014 жылғы 3 тоқсан	2 605 342	815	408 621	1 845 035	288 508	62 363	2 473 767	130 760
2014 жылғы 4 тоқсан	2 547 490	1 223	390 462	1845 242	273 533	54 030	2 438 526	107 741
2014 жылы	2 400 370	3 433	398 235	1 708 225	249 333	41 144	2 301 619	95 318
2015 жылғы 1 тоқсан	2 226 123	566	320 568	1 632 311	237 804	34 874	2 149 163	76 394
2015 жылғы 2 тоқсан	2 311 576	1 633	324 852	1 658 027	269 518	57 546	2 182 486	127 457
2015 жылғы 3 тоқсан	2 339 657	1 562	338 451	1 662 198	277 566	59 880	2 214 001	124 094
2015 жылғы 4 тоқсан	2 285 600	1 817	305 894	1 683 580	262 448	31 861	2 205 793	77 990
2015 жылы	2 138 425	1 071	305 187	1 567 605	233 760	30 802	2 045 368	75 132
2016 жылғы 1тоқсан	2 126 150	795	270 461	1 577 892	254 064	22 938	2 047 889	77 466
2016 жылғы 2 тоқсан	2 179 237	336	270 280	1 601 328	266 834	40 459	2 050 377	128 524
2016 жылғы 3 тоқсан	2 225 354	687	283 520	1632 341	259 011	49 795	2 087 378	137 289
2016 жылғы 4 тоқсан	2 160 854	1 591	263 358	1 607 413	250 227	38 265	1 166 113	34 495
2016 жылы	2 210 541	466	275 919	1 620 467	272 654	41 035	2 083 242	126 833
2017 жылғы 1 тоқсан	2 100 659	-	266 234	1 541 160	255 634	37 631	1 990 035	93 508
2017 жылғы 2 тоқсан	2 159 308	382	252 463	1 594 921	266 499	45 043	2 041 019	117 907
2017 жылғы 3 тоқсан								
2017 жылғы 4 тоқсан								
2017 жылы								
Қала халқы								
2013 жылғы 1 тоқсан	835 787	594	111 571	633 669	84 610	5 343	814 917	20 276
2013 жылғы 2 тоқсан	857 016	-	108 189	642 710	94 206	11 911	823 799	33 217
2013 жылғы 3 тоқсан	843 863	-	104 708	634 097	92 728	12 330	809 650	34 213
2013 жылғы 4 тоқсан	834 226	-	102 267	639 784	85 855	6 320	810 262	23 964
2013 жылы	842 118	154	107 360	636 481	89 005	9 118	813 968	27 996
2014 жылғы 1 тоқсан	828 925	265	95 962	646 801	81 041	4 856	811 355	17 305
2014 жылғы 2 тоқсан	864 856	243	92 910	658 545	94 650	18 508	822 825	41 788
2014 жылғы 3 тоқсан	855 122	248	101 299	639 074	92 659	21 845	809 697	45 177
2014 жылғы 4 тоқсан	818 125	-	100 360	630 987	80 096	6 682	799 146	18 979
2014 жылы	830 591	514	110 746	608 857	90 369	20 105	787 815	42 262
2015 жылғы 1 тоқсан	784 535	56	92 386	611 429	72 848	7 816	767 648	17 131
2015 жылғы 2 тоқсан	831 001	674	106 059	614 744	90 114	19 410	783 644	46 683
2015 жылғы 3 тоқсан	816 642	389	89 167	601 325	99 216	26 545	765 014	51 2395
2015 жылғы 4 тоқсан	794 184	-	81 338	625 987	81 867	4 992	779 069	15 115
2015 жылы	789 465	234	91 970	610 884	78 385	7 992	762 061	21 185
2016 жылғы 1тоқсан	780 902	50	76 343	612 492	87 899	061	759 397	21 455
2016 жылғы 2 тоқсан	799 655	53	89 272	597 986	99 895	12 449	752 361	47 241
2016 жылғы 3 тоқсан	789 325	-	79 954	593 222	96 088	20 061	731 087	58 238
2016 жылғы 4 тоқсан	752 888	-	77 806	582 146	82 183	10 753	720 309	32 579
2016 жылы	788 718	24	80 662	598 890	96 199	12 943	744 490	44 204
2017 жылғы 1 тоқсан	773 163	-	88 256	592 299	83 010	9 598	737 416	30 528
2017 жылғы 2 тоқсан	803 068	116	69 915	622 469	97 204	13 364	762 319	40 633
2017 жылғы 3 тоқсан								
2017 жылғы 4 тоқсан								
2017 жылы								
Ауыл халқы								
2013 жылғы 1 тоқсан	1 798 966	1745	314 824	1 262 340	195 254	24 803	1 735 273	61 948
2013 жылғы 2 тоқсан	1 799 263	1 695	304 508	1 266 912	200 497	25 651	1 731 042	66 526
2013 жылғы 3 тоқсан	1 779 837	865	298 543	1 252 412	202 585	25 432	1 709 312	69 660
2013 жылғы 4 тоқсан	1 761 818	868	274 178	1 265 095	198 840	22 837	1 695 602	65 348
2013 жылы	1 778 847	1 301	299 738	1 254 112	199 005	24 691	1 711 540	66 006

2014 жылғы 1 тоқсан	1 735 921	4 578	294 884	1 209 212	197 206	30 041	1 658 141	73 202
2014 жылғы 2 тоқсан	1 745 855	2 016	286 586	1 223 407	199 702	34 144	1 664 450	79 389
2014 жылғы 3 тоқсан	1 750 220	567	307 322	1 205 961	195 852	40 518	1 664 070	85 583
2014 жылғы 4 тоқсан	1 729 365	1 223	290 102	1 197 255	193 437	47 348	1 639 380	88 762
2014 жылы	1 569 779	2 919	287 489	1 099 368	158 964	21 039	1 513 804	53 056
2015 жылғы 1 тоқсан	1 441 588	510	228 182	1 020 882	164 956	27 058	1 381 815	59 263
2015 жылғы 2 тоқсан	1 480 575	959	218 793	1 043 283	179 404	38 136	1 398 842	80 774
2015 жылғы 3 тоқсан	1 523 015	1 173	249 284	1 060 873	178 350	33 335	1 448 987	72 855
2015 жылғы 4 тоқсан	1 491 416	1 817	224 556	1 057 593	180 581	26 869	1 426 724	62 875
2015 жылы	1 348 960	837	213 217	956 721	155 375	22 810	1 283 307	53 947
2016 жылғы 1тоқсан	1 345 248	745	194 118	965 400	166 165	18 820	1 288 492	56 011
2016 жылғы 2 тоқсан	1 379 582	283	181 008	1 003 342	166 939	28 010	1298 016	81 283
2016 жылғы 3 тоқсан	1 436 029	687	203 566	1 039 119	162 923	29 734	1 356 291	79 051
2016 жылғы 4 тоқсан	1 407 966	1 591	185 552	1 025 267	168 044	27 512	1 326 980	79 395
2016 жылы	1 421 823	442	195 257	1 021 577	176 455	28 092	1 338 752	82 629
2017 жылғы 1 тоқсан	1 327 496	-	177 978	948 861	172 624	28 033	1 252 619	62 980
2017 жылғы 2 тоқсан	1 356 240	266	182 548	972 452	169 295	31 679	1 278 700	77 274
2017 жылғы 3 тоқсан								
2017 жылғы 4 тоқсан								
2017 жылы								

Осы диаграммадан байқағанымыздай жасы 50-ден асқан соң зейнетақы жасына жетпей еңбек ресурстарының қолданылуы мен даму интенсивтілігі азаяды екен. Ерлер мен әйелдер еңбегін қолдануда әйелдер ерлерге қарағанда жұмысты ерте тастайды екен. Бірақ жұмыс жасау интенсивтілігі екеуінде де шамалас.

Бірнеше жылдан соң бізде және дамыған елдерде зейнетке шығу кезеңі қаншалықты өзгередіне белгісіз. Бүгінде ҚР-да зейнетке шығу мерзімі төмендегідей (2017ж мәлімет бойынша)

Әйелдердің зейнеткерлік жасының кезеңдеп ұлғаюы:

- 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап - 58,5 жасқа жеткенше;
- 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59 жасқа толғанша;
- 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59,5 жасқа толғанша;
- 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жасқа толғанша;
- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60,5 жасқа толғанша;
- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа толғанша;
- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жасқа толғанша;
- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жасқа толғанша;
- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жасқа толғанша;
- 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 63 жасқа толғанша.


1949 жылғы 29 тамыздан 1963 жылғы 5 шілдеге дейін (5 жылдан кем емес) экологиялық қауіп аймақтарында тұрған, Семей ядролық сынағында ядролық қару сынақтары салдарынан зардап шеккен азаматтар зейнетақыға неғұрлым ерте шығуға құқылы:

- **ерлер** – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 25 жылдан аз емес еңбек өтілі болғанда **50 жасқа** толуы бойынша;

- **әйелдер** – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 20 жылдан кем емес еңбек өтілінде **45 жасқа** толуы бойынша.

Бұл процестің 2 бағыты бар


- 1) Жұмысқа қабілетті тұрғындар мен зейнеткерлер қатынасы демографиялық жүктеменің артуына қарай өзгереді
- 2) жұмысқа қабілетті тұрғындар арасында жасы 50- ден асқандар саны біртіндеп артып келеді.



5 сурет – Жасына байланысты күшейтілген топтар қатынасы

Заманауи экономика жағдайында жасы үлкендердің жас бойынша жұмыс жасау шегін бекіткенде бірнеше жағдайларды ескеру қажет. Ең алдымен ол жұмыс жасауға қабілеті болу керек (тіпті қысқартылған мерзімге болса да). Жасы 65 - тен асқан соң көп адамдар аурушаң болады және еңбекке араласа алмайды.

Бүгінгі күнде жұмыссыздар көлемі төменде көрсетілген.
Пайызбен



1 сызба - 2015-2017 жылдардағы жұмыссыздық деңгейлері

2017 жылғы II тоқсанда ерлердің жұмыссыздар санындағы үлесі 43,0% (188,7 мың адамды), әйелдердің үлесі – 57,0% (250,6 мың адамды) құрады.

2017 жылғы II тоқсанда жұмыссыздардың жалпы санындағы 15-24 жастағы жастардың үлесі 9,6% немесе 42,1 мың адамды, 15-28 жастағы жастардың үлесі 19,7% немесе 86,6 мың адамды құрады. 15-24 жастағы жастар жұмыссыздығының деңгейі 4,2%, 15-28 жастағылардікі – 4,1%болды.

Жасы үлкен қызметкерлерді инновациялық әлеуметтік тәжірибеген тарту деңгейін бағалау 2 мәселемен кездеседі. Біріншіден ҚР- дағы инновацияның әр түрінесепке алумен байланысты болса, екіншісі жасы бойынша осы мәліметтердің бөлшектенуі;

Инновацияны есепке алу жүйесі инновацияның технологиялық (өнімдік, үдерістік) және технологиялық емес (маркетингтік, ұйымдық) түрлерін ұсынады.

Еңбек ресурстарын басқару механизмін жетілдіруді анықтау үшін осы саладағы әлеуметтік - еңбек инновациясының нәтижесіне бағалау жүргізу қажет. Осыған байланысты еңбек ресурстарын басқарудың монографиялық механизмдерінің нәтижелерін бағалау әдістемесін анықтап алу қажет. Бұл мәселені шешу үшін жасы үлкен еңбек ресурстарын басқару механизмін анықтау қажет.

Бұл мәселені шешудің негізгі міндеттері:

- 1) Әлеуметтік - еңбек инновациясы бағытталған еңбек ресурстарын басқарудың факторларын жүйелендіру;
- 2) Еңбек ресурстарын басқаруда әлеуметтік - еңбек инновациясының нәтижелігін бағалау үшін;
- 3) Еңбек ресурстарын басқаруда әлеуметтік - еңбек инновациясының нәтижелігін бағалау көрсеткіштерін нақтылау;
- 4) Еңбек ресурстарын басқаруда әлеуметтік - еңбек инновациясының нәтижелерін бағалау критерияларын белгілеу [3, 57-616].


Субъектілердің әрекет етуі қысқа және ұзақ мерзімді болып табылады.

Екі деңгейлі жіктеме үшін екінші негіздеме бөлініп шықты: субъект бойынша және әрекет ету тұрақтылығы бойынша. Осы деңгейлердің қарым – қатынасы 6 топқа бөлінді.

- 1) Субъекті ішкі факторлар (қызметкер шешіміне тәуелді болады)
- 2) Объекті ішкі факторлар (қызметкерді сипаттайды)
- 3) Кәсіпорынның микроортасы (компания деңгейінде шешілетін шешімдерге байланысты болады)
- 4) Нарықтың микроортасы (нарықтың объективті заңдылықтарын сипаттайды)
- 5) Макроорта конъюнктурасы (мемлекеттік әлеуметтік - экономикалық саясатқа бағынатын нарықтық күштер қатынасы)
- 6) Макроорта инфрақұрылымы (құрылымын өзгерту үшін ұзақ мерзімді реформаны қажет ететін әлеуметтік институттар мен нарықтарды ұйымдастыру)

Әлеуметтік – еңбек инновациясының үдерісін бірнеше кезеңге бөлуге болады:

- 1) Әлеуметтік механизм өзгерісінің мақсатын анықтау;
- 2) Адам ресурстарының бойындағы қажетті қасиеттерді анықтау;
- 3) Әлеуметтік – экономикалық нәтижелер көрсеткішінің мақсаттылығын негіздеу;
- 4) Қаржылық көрсеткіштерді айқындау;
- 5) Әлеуметтік – еңбек инновациялық көрсеткіштерін қалыптастыру.



7 сурет - Еңбек ресурстарын басқаруда әлеуметтік - еңбек инновациясының нәтижелік көрсеткіштерінің жіктелуі

Жоғарыда қарастырылып өткен тәсілдерге қосымша 2 тәсілді қарастыруға болады. Алғашқы тәсіл әлеуметтік - экономикалық көрсеткіштерді инновацияны еңгізу бойынша шаралардағы болашақ салымды анықтау үшін шығынның қаржылық көрсеткіштерімен салыстыру болып табылады. Бағалау критериясы келесі қатынас арқылы көрінеді.

$\text{СЭП} / \text{СЭП}_0 = \text{ФП}_0 / \text{ФП} > 1$, мұндағы $\text{ФП} > 0$, яғни еңбек ресурстарын басқару шығындары артып келеді.

$\text{СЭП}_0 > 0$, яғни мақсатты көрсеткіштердің бастапқы жағдайы 0-ден үлкен болуы қажет.

Инновациялық қызмет нәтижесін бағалайдың баламалы әдісінде әлеуметтік - экономикалық көрсеткіштер әлеуметтік базамен салыстырылады.

$$\text{СЭП}_{\text{инн}} / \text{СЭП}_{\text{жалпы}} > 0$$

Бұл әдіс көп жағдайда, егер әлеуметтік - экономикалық нәтижелер шығынын анықтау қиынға түскенде қолданылады.

Сонымен, әлеуметтік инновациялық механизмдер нәтижелерін бағалау кешенді әдістемелеі мәселені көрсетеді. Бұл мәселені шешу үшін ұлттық экономиканың еңбек ресурстарын басқару саясаты мен инновациялық қызмет мақсатына байланысты қызметкерлердің әртүрлі категорияларының ерекшеліктерін анықтау қажет [5, 1001-1007 б].

Әлеуметтік еңбек қатынастарын «KEGOC» АҚ мысалында қарастырайық.

«KEGOC» АҚ Басқармасында ұсынымдар дайындау үшін атаулы компанияда консультативтік-кеңесші төмендегідей комитеттер құрылды:

1. Инвестициялық;
2. Тәуекелдер жөнінде;
3. Бюджет;
4. Кадрлық даму жөнінде;
5. Дебиторлар және кредиторлармен жұмыс жөнінде;
6. Тауарлық-материалдық қорлармен жұмыс жөніндегі комитеттер.

Осыдан 4 жыл бұрын, яғни 2014 жылы «KEGOC» АҚ Басқармасында 25 жиналыс өткізіліп, ол отырыстарда 184 мәселелер бойынша сұрақтар қарастырылды.

1. Ішкі нормативтік құжаттар жөнінде;
 - Атаулы компанияның 17 ішкі нормативтік құжаттары бекітілді;
 - Оның ішінде 7-еуі «KEGOC» АҚ Директорлар Кеңесіне мәжілісі қарауына жіберілді;
 - Қалған 16 ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер енгізілді.

2. Тауарлар жұмыстар және қызметтерге байланысты 3 шешім қабылданды;

3. Тәуекелдерді басқару жүйесіне және ішкі бақылауға қатысты шешімдер қабылданды. Атаулы іс-шараларға байланысты жоспар бекітіліп, мақұлданды. Әр тоқсан сайын негізгі тәуекелді басқару жөнінде қабылданған шаралардың есептері қаралатын болады.

«KEGOC» АҚ Басқармасы төмендегідей есептерді талқылаудан өткізіп, Директорлар кеңесіне жіберді:

- Жасалған ірі келісім-шарттар және ендігі жасалатын келісім-шарттар бойынша тоқсан сайын есептер;
- 2018 жылғы «KEGOC» АҚ-ң есептеменің жүйесі туралы, яғни нәтижелері туралы есеп;
- Тәуекелдер туралы есептер;
- Корпоративтік басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын 2013ж. есепті алдын-ала қарастыру туралы;
- Атаулы Акционерлік қоғамның аудиті бойынша есептер мен ақпараттың ашылуы жөнінде есептер;
- Кадр бойынша комитеттің 2013 жылғы жүргізген жұмыстарының нәтижелері және 2014 жылға жұмыс жоспарын бекіту;

- Басқарманың Даму жоспары жөнінде есептер;
- Жылдық және қаржылық есептері;
- Еншілес, бағынысты ұйымдар жайлы және солармен бірлесе бақыланатын мекемелердің қаржы-шаруашылық жұмысы нәтижелерінің Басқарманың 2013 жылдағы қызметтеріне әсері туралы есеп;
- 2013 жылғы инвестиция жөніндегі программаның іске асырылуы туралы есеп және сол жылдағы ірі-ірі деген жобалардың іске асырылуы туралы есептер;
- «KEGOC» АҚ 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясының жүзеге асырылуы және сол стратегия төңірегіндегі іс-шаралар жоспарының орындалғаны жөнінде 2013 жылдағы есебі;

2017 жылы «KEGOC» АҚ Басқармасы еншілес және бағынысты мекемелерге байланысты көптеген мәселелерді қарады. Содан оларды Директорлар Кеңесіне жіберді. Компания сонымен қатар демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету жөнінде шешімдер қабылдады.

«KEGOC» АҚ кадр жұмысы табыстылықты анықтайтын негізгі даму факторы болып табылады. Компанияның кадр жұмысы, саясаты экономикалық және әлеуметтік тиімділікті теңгерімді жүргізуге бағытталған.

«KEGOC» АҚ-дағы кадр саясатының басты басымдықтары:

- Біліктілігі жоғары жұмысшыларды тарту, компания қызметкерлерін басқарудың жоғары тәсілдерін орнату, Компанияның жұмысшыларымен жұмыс жүргізу жөнінде бөлімшелер құру;
- Ішкі кадр резервтерін және сыртқы ресурстарды оптимальді үйлестіре отырып, кадр резервін басқару, басшылардың кадр бойынша резервін ұйымдастыру.
- Компаниядағы әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеп, даулардың болмауын алдын-ала қарастыру және болдырмау;
- «KEGOC» АҚ-дағы ноу-хау;
- Компанияның жұмысының жоғары дәрежеде жүруіне байланысты нормаларды құру және дайындау.

«KEGOC» АҚ-дағы қызметкерлер саны және құрамы:

31.12.2017 ж. Компания қызметкерлерінің тізімдік саны 3925 тұлғаны құрайды.

4 кесте - Қызметкерлердің тізім бойынша саны

Көрсеткіштер	Қызметкерлердің тізім бойынша саны	
	адам	%
Барлығы	3925	100
Басшылар	642	16,4
Мамандар	1560	39,7
Қызметкерлер	7	0,2
Жұмысшылар	1716	43,7

Бүгінгі күнде ҚР - дағы әлеуметтік - еңбек қатынастары тек уақытша ғана еңбек қарым-қатынасындағы келіспеушіліктерді шешіп қана отыр. Еңбек қатынастарында еңбек нарығындағы капитал ғана ерекше орын алып отыр.

Кәсіпорында көп жағдайда қызметкерлерге деген қарым - қатынас қажетті деңгейде емес, сонымен қатар жұмыс барсында жұмыс беруші шартты өз пайдасына өзгерте алады. Ұжымдық келісім - шартқа тек қана жалпы қызметкерлер санының 4/1 - і ғана кірістірілген. Кәсіподақ ролі еңбек қатынастарында жоқтың қасы. Осы жағдайда ҚР үшін еңбек қатынастарының еуропалық жүйесі тиімді болып саналады. Еуропалық жүйенің ерекшелігі мынада: тұрғындар ұтқырлығы төмен, бірақ мемлекеттің реттеушілік қызметінің жоғары рольде болуы. Ал еуропалық үлгіде еңбек қатынастарын реттеу еңбек қатынастарының икемділігін қамтамасыз етуге және адам капиталының жинақталуына бағытталған.

Бірақ отандық экономикада әлемдік тәжірибеге ену үшінүлкен жұмысты талап етіп отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1 Каменев И.Г. Человеческие ресурсы национальной экономики и социальные инновации // Современные проблемы управления в условиях информационного общества: научное издание [редкол.: Н.В. Тихомирова и др.] – М.: Юнити-Дана, 2012. – С. 637-643.

2 Каменев И.Г. Человеческие ресурсы как объект инновационной деятельности// Международный научно-исследовательский журнал. Сборник по результатам «International Research Journal Conference XXXVII». № 3 (34). Часть 3. Екатеринбург: МНИЖ, 2015. – С. 37-38.

3 Каменев И.Г. Человеческий капитал России и социальные инновации // Сборник трудов I Всероссийской научно-практической конференции «Актуальные вопросы управления персоналом и экономики труда». М.: ГУУ, 2015.– С.57-61.

4 Каменев И.Г. Человеческий фактор и социальные инновации // материалы XVIII международной научно-практической конференции «Проблемы и перспективы социально-экономического реформирования современного государства и общества». – М.: Издательство «Институт стратегических исследований»: Издательство «Перо», 2015. – С.67-69.

5 Башарина А. В. Социальные инновации в образовании: сущность и классификация // Известия Самарского научного центра Российской академии наук, 2009. – Т. 11, №4 (5), С.1101-1107.

6 Блауг М. Методология экономической науки//Журнал Вопросы экономики, 2004, С.317.

7 Бобков В.Н. К вопросу о переводе базовой части трудовой пенсии в систему государственного пенсионного обеспечения//Уровень жизни населения регионов России, 2007 – №6, С. 45-52.

Аннотация

Социально-трудовые инновации являются ключевым вопросом в управлении кадрами. В статье анализируется текущее состояние трудовых ресурсов Республики Казахстан, классификация результатов социально-трудовых инноваций в управлении трудовыми ресурсами.

Ключевые слова: трудовые ресурсы, социальные и трудовые инновации, статистика, показатели эффективности.

Abstract

Social and labor innovations are a key issue in the management of cadres. The article analyzes the current state of the labor resources of the Republic of Kazakhstan, the classification of the results of social and labor innovations in the management of labor resources.

Key words: labor resources, social and labor innovations, statistics, performance indicators.

FTAMP 10.86.01

Д.У.Айтмуханова, З.Ж.Садуахасова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.

didroz_12345@mail.ru

СОТ ШЕШІМДЕРІНІҢ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРГЕ НЕГІЗДЕЛУІ ЖӘНЕ ОРЫНДАЛУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Аңдатпа

Қазақстан Республикасындағы азаматтық іс жүргізу қатынастарының қорытынды ретінде сот шешімдерінің қабылдануы мен заңдылығының құқықтық негізі туралы баяндалған. Азаматтық процесс субъектілерінің құқықтық мәртебесі туралы және іске қатысушылардың сот актілерінің орындалуына тікелей қатысушылар ретінде қарастырылуы туралы баяндалады. Сот билігінің тәрбиелеу функциясы нақты сот істерін қарау арқылы материалдық және процессуалдық нормаларды, көпшілік жағдайда, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданумен іске асырылады. Оларды реттеу үшін мемлекет қалыптастырған ережелерді қолдану арқылы адамдардың мінез-құлықтары мен әлеуметтік процестерге әсер ету жағдайлары қарастырылады.

Негізгі сөздер: судья, шешім, дәлелдеу, дәлелдеме, айғақ, сараптама, талапкер, жауапкер, куә, хаттама, құқық, сот, қорғау, қоғам, мемлекеттік орган.

Азаматтық іс жүргізу қатынастарында азаматтар құқықтары мен мүдделерінің қорғалу деңгейі бүгінгі таңда қоғамның назарындағы өзекті мәселенің бірі. Азаматтар құқықтарының тиісті деңгейде қорғалу үшін сот жүйесі саласының құқықтық даму жағдайы экономикалық даму деңгейіне байланысты қарқынды құқықтық негіздердің бағытын анықтауға себепші. Азаматтық іс жүргізу қатынастарындағы сот шешімдерінің азаматтар мен іске қатысушылар құқықтарын қорғауда маңызы зор. Құқықтық мемлекетті орнықтыруға бет алған қоғамның негізгі көздейтіні мемлекеттің құқықпен санасуын талап ету болса, соттың да тек заңға бағындырылуы мұндай мақсатты іске асыруға жетелейтін басқарушы қағида (норма) болып саналуға тиіс. Өйткені, сот төрелігінің тәуелсіздігі оны жүзеге асырудың басты шарты болып табылады. Бұл принциптің маңызын түсіндіретін басты бір мәселе, сот билігінің дербестігін баяндайтын конституциялық ережемен байланысты. Сот билігінің маңызды нысаны сот әділдігі ешкімге есеп бермейтін, сот істерін қарап шешетін судьяның тәуелсіздігінің бастамасында атқарылуы қажет. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің мәртебесі айқындалды. Сот билігінің түсінігі, оған тән атқарылатын басты нысаны сот әділдігі арқылы бұл биліктің басқа да белгілері мен функцияларын айқындау тәсілімен көрсетілді. Әсіресе, сот билігін мемлекет билігінің дербес, тәуелсіз тармағы ретінде қарастыру, оған жүктелген азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғауға, республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет ететін мақсаттарымен түсіндіріледі.

Сот саясатын заң шығарушы биліктің орнықтыратыны, өз кезегінде сот билігін мемлекеттің арнаулы органы соттың ғана жүзеге асыратыны және бұл билік мемлекеттік қызметтің ерекше, әрі сапалы нысанына ие болатыны т.б. айқындалады. Құқық арқылы тәрбиелеу оны бұзушыға қатысты жүргізіледі. Бірақ, оның әсері жәй, заңға бағынушы (құқық бұзушылықты жасамаған) адамдар мен азаматтарға да тигізілуі қажет. Өйткені, оның түбегейлі мақсаты құқық бұзушылықты, қылмыс жасауды болдырмау, мүмкіндігінше жою.

Сот билігінің тәрбиелеу функциясы нақты сот істерін қарау арқылы материалдық және процессуалдық нормаларды, көпшілік жағдайда, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданумен іске асырылады. Сондай-ақ, сот мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың атына қылмыстың, құқық бұзушылықтың болуына себебін, салдарын тигізген мән-жайларды жою шараларын қарастыруы үшін жеке қаулыларын шығарып жолдайды. Енді қоғам үшін сот билігінің қаншалықты қажетті екендігіне тоқталсақ, біріншіден, даулы мәселелерді шешу қажеттігімен байланысты. Оларды реттеу үшін мемлекет қалыптастырған ережелерді қолдану арқылы адамдардың мінез-құлықтары мен әлеуметтік процестерге әсер етуімен түсіндіріледі.

Елімізде азаматтық – қаржылық қатынастың дамуы қарқынды өсіп келе жатқандықтан, даулы мәселе туындауы мүмкін жағдайлардың көптеп кездесуі материалдық жауаптылықты анықтайтын, белгілейтін органды қажет етеді. Бұл орайда мемлекет атынан құқық қорғау саласында әлеуметке қызмет көрсететін бірден-бір мемлекеттік басқару құрлымы бұл - Қазақстан Республикасындағы Сот жүйесі. Қазақстан Республикасында Сот төрелігін тек судья жеке дара тәуелсіз жүзеге асырады. Соттардың шығарған актілері соның ішінде сот шешімдері азаматтық іс жүргізуге қатысушылардың құқықтық мәртебесін анықтайды. Сот шешімдерін шығаратын судья азаматтық істердегі дәлелдемелерді анықтап, зерттеп, бағалау арқылы объективті және заңға негізделген шешім шығарады. Істі мәні бойынша шешетін бірінші сатыдағы сот қаулысы шешім нысанында шығарылады. Шешім кеңесу бөлмесінде шығарылады. Бұл бөлмеде өзге адамдардың болуына жол берілмейді. Жұмыс уақытының аяқталуына қарай, сондай-ақ жұмыс күні ішінде сот (судья) кеңесу бөлмесінен шығып демалу үшін үзіліс жариялауға құқылы. Сот шешімі заңды және негізді болуға тиіс. Сот шешімді сот отырысында зерттелген дәлелдемелерге ғана негіздейді. Шешім шығарған кезде сот дәлелдемелерге баға береді, іс үшін маңызы бар қандай мән-жайлардың анықталғанын және қандай мән-жайлардың анықталмағанын, тараптардың құқықтық қатынастарының қандай екенін осы іс бойынша қандай заң қолданылуға тиісті екенін және қойылған талаптың қанағаттандырылуға жататынын жатпайтынын айқындайды.

Азаматтық іс жүргізу қатынастарында шешім сот өндірісіне орай бірнеше топтары қарастырылады. Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың және лауазымды адамдардың әрекеттері (әрекетсіздіктері) мен шешімдерін заңсыз деп тану туралы талап қоюды қанағаттандыру кезінде сот дауға түсіп отырған әрекетті (әрекетсіздікті) немесе шешімді заңсыз деп таниды, азаматтың талабын қанағаттандыруды міндеттейді, оған қолданылған жауаптылық шараларын жояды не оның нұқсан келтірілген құқықтары мен бостандықтарын өзгедей әдіспен қалпына келтіреді. Нормативтік құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы шешімнің қарар бөлігінде ол қабылданған кезден бастап бұл акті қолданылмайды деп есептелетіні көрсетілуі мүмкін. Соттың нормативтік құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы шешімі немесе ол туралы хабарлама нормативтік құқықтық акт жарияланған бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс. Ақша сомаларын өндіріп алу туралы шешім. Сот ақша сомаларын өндіріп алу туралы шешім шығарған кезде шешімнің қарар бөлігінде өндірілетін ақша сомасының мөлшерін және валюта түрін цифрмен және сөздермен көрсетеді. Атқару құжатының немесе өзге құжаттың күші жойылды деп тану туралы шешімдер-өндіріп алу даусыз (акцептсіз) тәртіппен, оның ішінде нотариустың атқарушы жазбасының негізінде жүргізілетін атқару құжатының немесе өзге құжаттың күші жойылды деп тану туралы дау бойынша талап арызды қанағаттандыру кезінде шешімнің қарар бөлігінде атқарылуға тиісті емес құжаттың атауы, нөмірі, күні және

есептен шығарылуға жатпайтын сома көрсетіледі. Шарт жасасу немесе өзгерту кезінде туындаған дау бойынша қарар шарт жасасуға мәжбүрлеу туралы дау бойынша шарттың түрі және тараптар шарт жасасуға міндетті талаптар көрсетіледі. Мүлікті немесе оның құнын алып беру туралы шешім-мүлік заттай алып берген кезде сот шешімде оның дербес - белгілі бір белгілерін және егер шешімді орындау кезінде алып берілетін мүлік болмай қалса, жауапкерден өндірілуге тиіс мүліктің құнын көрсетеді. Айрықша күрделі істер бойынша дәлелді шешім жасау бес күннен аспайтын мерзімге кейін қалдырылуы мүмкін, бірақ қысқаша (қысқартылған) шешімді сот істі қарау аяқталған отырыстың өзінде жариялауға тиіс. Жарияланған шешімге судья қол қойып, ол іске қоса тіркелуге тиіс.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бірінші сатыда қаралған істер бойынша шығарған шешімдері олар жарияланған күннен бастап заңды күшіне енеді. Апелляциялық тәртіппен шағым немесе наразылық берілген жағдайда, егер шешімнің күші жойылмаған болса, апелляциялық сатыдағы сот қаулы шығарған күні заңды күшіне енеді. Шешім заңды күшіне енгенде тараптар және іске қатысушы басқа да адамдар, сондай-ақ олардың құқық мирасқорлары сотта бұрынғы негіздер бойынша бұрынғы талап қою талаптарымен қайтадан арыздана алмайды, сондай-ақ сот анықтаған фактілер мен құқықтық қатынастарды басқа процесте даулай алмайды. Егер жауапкерден мезгіл-мезгіл төлем өндіріп алу шешімі заңды күшіне енгеннен кейін төлемдердің мөлшерін айқындауға немесе олардың ұзақтығына әсер ететін мән-жайлар өзгерсе, тараптардың әрқайсысы жаңа талап қою арқылы төлемдердің мөлшері мен мерзімдерін өзгертуді талап етуге құқылы. Шешім, дереу орындалатын жағдайлардан басқа, ол заңды күшіне енгеннен кейін заңмен белгіленген тәртіп бойынша орындалады. Сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін атқару парағы жазылады, ол өндіріп алушыға беріледі не оның жазбаша өтініші бойынша сот оны аумағы бойынша атқарушылық іс жүргізудің тиісті органына орындау үшін жібереді. Азаматтық істерді мәні бойынша шешкен кезде сот қысқаша шешім шығарады, ол кіріспе, дәлелдеу және қарар бөліктерінен тұрады. Шешім заңды күшіне енгенге дейін тараптардың жасаған жазбаша өтінімі бойынша не өз қалауы бойынша сот кіріспе, сипаттама, дәлелдеу және қарар бөліктерінен тұратын шешім шығарады.

Сот билігі шешімді орындаудың белгілі бір тәртібі мен мерзімін белгілеген немесе шешімді дереу орындауға жіберген немесе оның орындалуын қамтамасыз етуге шаралар қолданған жағдайда, бұл туралы шешімде көрсетіледі. Судья шешімді жазбаша түрде жазады және оған қол қояды. Шешімге түзету судьялардың кол қоюының алдында айтылуға тиіс. Сот шешімі кеңесу бөлмесінде шығарылады, онда судьядан басқа бөгде адамдардың болуына рұқсат етілмейді. Жұмыс күнінің соңында егер судья сот шешімін дайындап үлгермеген болса, оның кеңесу бөлмесінен шығып, демалу үшін үзіліс жасауға құқығы бар. Жұмыс күнінің барысында да кеңесу бөлмесінен шығып, демалу үшін үзіліс жасауға заңмен жол беріледі. Сот

шешімінің заңдылығы шешім іс бойынша қолданылуға жататын материалдық құқық нормаларына қатаң сәйкес түрде және іс жүргізу құқығының нормалары сақтала отырып шығарылған дегенді білдіреді. Материалдық құқықты қолданған кезде судья АПК-нің 3-бабы, Конституцияның жоғары заң күші бар және ол Республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданылады дейтін ережелерді ескеруге тиіс. Егер, азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына, міндеттеріне қатысы бар заңдар, сондай-ақ кез келген басқа нормативтік құқықтық актілер жалпы жұртшылықтың назарына ресми түрде жарияланбаған болса, өзінің шешімін оларға негіздеуге соттың құқығы жоқ дегенді білдіреді; Конституцияның 4-бабының 1-тармағына сәйкес, халықаралық шарттар Қазақстан Республикасының құқықтық негізінің құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан да Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар оның заңдарының алдында басымдыққа ие болады [1].

Халықаралық шартпен, заңмен көзделгеннен басқа ережелер көзделген болса, онда халықаралық шартты қолдану үшін заң шығару қажет болмаған жағдайда, халықаралық шарттың ережелері қолданылады. Шешім тек сот отырысында зерттелген дәлелдемелерге ғана негізделеді. Егер шешімде іс үшін маңызы бар, сот отырысында жан-жақты әрі толық анықталған барлық мән-жайлар мазмұндалса және істің анықталған мән-жайлары, тараптардың құқықтары мен міндеттері туралы тұжырымдарды растайтын дәлелдемелер келтірілсе, шешімді негізделген деп санау керек [2].

Істің мән-жайлары сот тексерген дәлелдемелер арқылы расталады. Дәлелдемелер олардың қатыстылығы мен жарамдылығы туралы заңның талаптарын қанағаттандыруға немесе дәлелдеуді қажет етпейтін жалпыға белгілі мән-жайлар болуға тиіс. Дәлелдеменің қатыстылығы туралы норманың орындалуы бірқатар іс жүргізу кепілдіктерімен қамтамасыз етілген. Қаралатын іске қатысы бар дәлелдемелерді (нақты деректерді) сот осы көзқарас тұрғысынан оларды сот отырысында зерттеу барысында зерделейді және олар төмендегілер арқылы анықталады:

- іске қатысушы адамдардың, талапкердің және үшінші тұлғалардың түсініктемелері;
- куәлардың айғақтары;
- заттай дәлелдемелер;
- сараптама қорытындысы;
- іс жүргізу әрекеттерінің хаттамалары;
- басқа құжаттар – іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді қамтитын актілер, құжаттар, іскерлік немесе жеке сипаттағы хаттар.

Егер іс бойынша дәлелдемелер

- Азаматтық іс жүргізу кодексімен көзделген тәртіпте алынған болса;
- тек заңмен ғана көзделетін дәлелдемелермен расталатын болса, олар жарамды деп саналады.

Заң талаптарын бұза отырып, іске қатысушы тұлғалардың заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе оларды ығыстыру арқылы немесе істі сотта қарауға дайындау кезінде немесе сотта қарағанда азаматтық процестің өзге де ережелерін бұза отырып алынған, нақты деректердің растығына әсер еткен немесе әсер етуі мүмкін болған жарамсыз дәлелдемелер болып табылады. Мұндай дәлелдемелерге соның ішінде төмендегі жолдармен алынған дәлелдемелер жатады:

- күш қолдану, қорқыту, алдау, сол секілді өзге де заңсыз іс-әрекеттерді қолдана отырып;

- іске қатысушы адамға өз құқықтары мен міндеттерін түсіндірмеудің, оларды толық немесе дұрыс түсіндірмеудің салдарынан туындаған осы адамның жаңылуын пайдалана отырып;

- азаматтық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға құқығы жоқ адамның іс жүргізу әрекетін жүргізуіне байланысты;

- қарсылық білдіруге жататын адамның іс жүргізу іс-әрекетіне қатысуына байланысты;

- іс жүргізу іс-әрекетінің тәртібін айтарлықтай бұза отырып; белгісіз көзден немесе сот отырысында анықтала алмайтын көзден алынған болса; дәлелдеу барысында қазіргі ғылыми білімге қайшы келетін әдістерді қолдана отырып алынған болса. Сот нақты деректерді дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол бермеу туралы шешімді не өзінің бастамасы бойынша немесе іске қатысушы адамдардың өтінімі бойынша қабылдайды. Бұл туралы сот отырысында өтінім мәлімделген кезде әдетте сот не аталған өтінімді қарайды және дәлелдемені шығарып тастау туралы бөлек ұйғарым қабылдайды немесе істің мәні бойынша шығарылған шешімде осы дәлелдемеге баға береді.

- Заңды бұзу арқылы алынған дәлелдемелер

- заңдық күші жоқ;

- іс үшін маңызы бар кез келген мән-жайды дәлелдеу кезінде пайдаланыла алмайды;

- заңның бұзылу фактісін және оны бұзуға жол берген тұлғаның кінәлілігін растай алады [3]

Дәлелдемелердің жарамсыздығы туралы ережелер көбінесе даулы қарым-қатынастарды реттейтін азаматтық құқық нормаларын қолдануға байланысты жеке істер бойынша қолданылады. Судья дәлелдемелерді осы тұрғыдан бағалаған кезде пайда болған даудың құқықтық сипатын айқындауға, содан кейін материалдық құқық нормаларын қолдануға міндетті. Сот актілері мен басқа да органдардың актілерін орындау жөніндегі сот орындаушысының қоятын талаптары барлық органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті [4]

Азаматтық іс жүргізу қатынастарының құқықтық негізі азаматтық іс жүргізу заңдарына және сот жүйесін сондай-ақ сот орындаушыларының құқықтық мәртебесіне тікелей байланысты. Азаматтық қоғамда заңдылықтың үстем болуына кепілдік ретінде азаматтардың құқықтары мен

мүдделерін қорғауды басты назарда ұстау үшін соттардың шығарған заңға негізделген шешімдері мен оларды орындауды жүзеге асыру органдарының қызметіне тікелей байланыстылығынан көруге болады. Барлық нормативтік құқықтық актілер заңдылық пен әділеттілікке бағытталуы тиіс екенін қоғамдық-құқықтық тұрғыда дәлелденді деуге болады. Сот актілерінің орындалу деңгейі халықтың әділеттілікке сенуіне жол береді. Адам құқықтарының сақталуы және мүдделерінің тиісті деңгейде қорғалуы сот өндірісінің шешілуінен көрінеді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж.
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы". 25 желтоқсан, 2002 ж.
- 3 ҚР Азаматтық іс жүргізу Кодексі 13-шілде 2015 ж.
- 4 Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы ҚРЗ., 30-маусым, 1998 ж.

Аннотация

В качестве заключения гражданско-процессуальных отношений в Республике Казахстан излагаются правовые рамки для принятия и законности судебных решений. Правовой статус субъектов гражданского общества и участников дела считаются непосредственными участниками при исполнении судебных актов. Образовательно-воспитательная функция судебной власти осуществляется путем применения материальных и процессуальных норм, в большинстве случаев, государственными принудительными мерами путем рассмотрения конкретных случаев. Они призваны влиять на поведение людей и влиять на социальные процессы, применяя правила, установленные государством для их регулирования.

Ключевые слова: судья, решение, доказательство, доказательство, истец, ответчик, свидетель, протокол, закон, суд, защита, общество, правительство.

Abstract

As a conclusion of the civil-procedural relations in the Republic of Kazakhstan, the legal framework for the adoption and legality of court decisions is stated. The legal status of civil society entities and the participants of the case are considered to be direct participants in the enforcement of judicial acts. The educational function of the judicial authority is carried out through the application of material and procedural norms, in most cases, by the state coercive measures by considering specific cases. They are designed to influence the behavior of people and the impact on social processes by applying the rules established by the state to regulate them.

Key words: Judge, Decision, Evidence, Proof, Evidence, Plaintiff, Defendant, Witness, Protocol, Law, Court, Protection, Society, Government.

FTAMP 06.71.09.

Э.М.Адиетова, А.Ж.Канатова, Д.Ж.Жасталапова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.

adiet_elm79@mail.ru, a.kanatova@asu.edu.kz

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДА ТУРА ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ РОЛІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасы үшін тура шетелдік инвестицияны тартудың қажеттілігі мен формалары қарастырылған. Тура шетелдік инвестицияның республика өңірлеріне әсерін бағалау үшін тура шетелдік инвестицияның белсенділік және интенсивтілік көрсеткіштері қолданылған. Осының нәтижесінде шетелдік кәсіпорынның ролін анықтау үшін өңірлердің инвестициялық белсенділігі бағаланып, талданды.

Негізгі сөздер: тура шетелдік инвестиция, тура шетелдік инвестицияның әлеуметтік тиімділігі, тура шетелдік инвестицияның белсенділік және интенсивтілік көрсеткіштері.

Уақыт әлем экономикасының қатысушыларының даму деңгейіне және рейтингісіне қарамастан, оларға жаңа талаптар қояды. Қазіргі жағдайда біздің еліміз үшін басқадамыған елдер секілді «өнеркәсіптік қарқын» қажет. Осындай күрделі міндеттер шешу үшін ұлттық экономиканы капиталдың әлемдік нарығына енуі негізінде шетелдік инвестиция көмегімен жүгіну қажет. Заманауи кезеңде ел алдында ел басшысының саяси сауатты шешімі талап етілді, бірақ шетелдік капиталды, оның ішінде тура шетелдік инвестицияны тарту өзектілігі бүгінгі күнге дейін сақталып отыр.

Қазақстан Республикасы үшін ұзақ мерзімді даму міндеті басынан бастап, шетелдік капиталды жаппай тарту көмегімен жүзеге асырылды.

Шетелдік тура инвестицияны тарту қажеттілігі стратегиялық маңызы бар барлық құжаттарда, оның ішінде «Қазақстан - 2030» Стратегиясында, Қазақстан Республикасының 2020 ж. дейінгі Даму стратегиясында, ҚР ҰИИДБ бойынша мемлекеттік бағдарламасында аталып өтті. Елбасының «Стратегия - 2050» бағдарламасында мына мәтін аталып өтті: Қазақстан даму кезеңінен бастап жан басына шаққандағы тура шетелдік инвестицияны тарту көлемі бойынша ТМД елдерінің көшбасшысы болып табылады. Қазақстан инвестицияны тарту аймағына айналуы тиіс. Қазақстан Еуразияда

инвестицияны тартушы өңірге айналып, технологияны тасымалдау орталығына айналуы тиіс [1].

Тура шетелдік инвестицияны (ТШИ) тартудың ерекше формаларының бірі біріккен кәсіпорын қалыптастыру және ғылыми сиымдылықты ТШИ тартылуы тиіс.

Өңірлердің әлеуметтік – экономикалық даму деңгейі өңірлік саясат тиімділігіне тікелей байланысты. Ал өңірлік саясат тиімділігін арттыруда сол аймақтың саяси, әлеуметтік, экономикалық және т.б. кешендерімен сипатталатын инвестициялаудың тартымды жағдайларының қалыптасу шаралары маңызды роль ойнайды. Қазақстандағы инвестициялық ахуалдың әр өңірде әртүрлі болуы экономиканың ерекшелігін көрсетеді. Сондықтан да өңірдің даму деңгейіне, тұрғындардың өмір сүру сапасына әсер ету факторы ретіндегі инвестициялық ахуал еліміздің тұрақты даму және әлеуметтік модернизацияны жүзеге асыру жағдайында маңызы бар тәжірибелік және ғылыми мәселені қозғайды. Инвестициялық ахуал факторлары: еңбек, әлеуметтік, экологиялық, онымен қатар, өмір сүру сапасы, Еңбекті инфрақұрылымның даму деңгейі, жаңашылдық деңгейі [2].

Қазақстан Республикасындағы жүзеге асырылып жатырған инвестициялық саясат аясында шешуін талап етіп отырған өңірлердің маңызды әлеуметтік – экономикалық мәселелер қатарына келесілерді атауға болады:

- Еңбекті молынан қажет ететін және табиғи ресурстарға бай өңірлерге капиталды тарту негізінде республикалық қолданылмаға ғылым – техникалық әлеуетін игеру;

- Нақты салаларды импортты экспортпен мақсатында Отандық тауарлар мен технологиялар өндірісіне қолдау көрсету;

- Жаңа жұмыс орындарын қалыптастыру, алдыңғы қатарлы инновациялық технологияларды игеру, мәдени кәсіпкерлігінің шетелдік тәжірибесін қабылдау;

- Өндірістік инфрақұрылымның дамуына қолдау көрсету.

Осы мәселелерге байланысты республика өңірлерінде шетелдік компанияларды қоса алғанда, қызмет көрсетіп отырған кәсіпорынның әрекетінің инновациялық белсенділігі осы әлеуметтік – экономикалық міндеттерге тікелей қатысты, шешім: өңірлерде тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру.

ТШИ-ң республика өңірлеріне әсерін бағалау үшін ТШИ-ң белсенділік және ТШИ - интенсивтілік көрсеткіштері қолданылады. ТШИ – белсенділік көрсеткіші – зерттеліп отырған кезеңде ТШИ – ға ШКНҚКӘ – не жұмсалатын ТШИ көлемін сипаттайды.

ТШИ – интенсивтілік – ТШИ-ң алдыңғы жылмен салыстырғандағы өзгерісін сипаттайды. Жоғарыда аталған, екі көрсеткіште келесі 4 көрсеткіштер негізінде есептелді (2005-2016ж).

1. Негізгі капиталға салынған инвестиция:
(1.1)

$$\bar{I}_j = \frac{\sum_{i=1}^n I_{ji}}{n}$$

2. Жан басына шаққанда ТШИ:
(1.2)


$$\overline{FDI}_j = \frac{\sum_{i=1}^n (FDI_{ji} * G_{FDI})}{\sum_{i=1}^n G_1 FDI_{ji}}$$

3. Жан басына шаққанда негізгі капиталға салған инвестицияның көлеміндегі ТШИ-ң үлесті салмағы

$$GFDI_{ji} = \frac{FDI_{ji}}{I_{ji}} * 100\% \quad (1.3)$$

4. ТШИ-ң өсу қарқыны
(1.4)

$$T_{pji} = \frac{FDI_i}{FDI_{i-1}}; i = \overline{1;16}, i = \overline{1;n}$$



1 сурет - Жан басына шаққандағы ТШИ салымының қарқыны (2005-2016ж) мың тг/адам

ТШИ салымы бойынша есептеулер нәтижесі тек қана салымдар арасындағы айырмашылықты көрсетпейді, сонымен қатар, зерттеліп отырған кезеңде жылдар бойынша ерекше ауытқушылықты көрсетеді.

1-суретте көрсетілген сурет мәліметтеріне сүйенсек, өңірлер арасында үлкен алшақтық байқалады.

Атырау облысында жан басына шаққанда 1218,67 мың.тг./адам. Ал Солтүстік Қазақстан облысында инвестициялық салым – 3,29 мыңтг/адам. Мұнай өндіруші 3 батыс өңірлерінің жан басына шаққандағы инвестициялық салым көлемі шамалас болып отыр: Батыс Қазақстан облысы – 244,13 мың

тг/адам, Маңғыстау облысы – 212,02 мың тг/адам, Ақтөбе облысы – 198,67мыңтг/адам. Батыс өңірлерімен қатар Алматы қаласы – 105,57мың.тг./адам көрсеткішін көрсетіп отыр. Қызылорда облысында 102,35 мыңтг/адам көрсеткішімен ерекшеленген [3, 536 б].


Қазақстан Республикасы статистика бойынша Агенттігінің мәліметтеріне сүйенсек, жан басына шаққанда табыстың жоғары деңгейі Алматы, Астана қалалары, Маңғыстау, Алматы және Шығыс – Қазақстан облыстарында байқалады. Бұл жағдайға ТШИ-ң да әсері жоғары болып отыр. ТШИ-ң әлеуметтік тиімділігін бағалау үшін индикаторлардың өсу қарқыны есепке алынды.

$$(1.5) \\ T_p = \frac{x_t}{x_{t-1}} * 100\%$$

Мұндағы, T_p - индикатордың өсу қарқыны;

x_t - индикатордың ағымдағы жылдағы мәні;

x_{t-1} - алдыңғы жылдағы индикатордың мәні.



2 сурет - 2016 жылы Қазақстан өңірлерінің тұрғындарының жылдық тұтынушылық шығындары

Әрі қарай әр өңір бойынша барлық кезеңдегі орташа өсу қарқыны есептелді.

Жұмыспен қамтылғандар үлесін анықтауда Қазақстан Республикасы Статистика Комитетінің көрсеткіштері қолданылады. ТШИ - интенсивтілік мәнінің жоғары болуы республика өңірлерінде жұмыспен қамтылғандар санының ұлғайғандығын көрсетеді.

1 кесте - Өңірлер бойынша әлеуметтік – экономикалық көрсеткіштердің өсу қарқыны, %.

Өңірлер	Жұмыспен қамту	Қоршаған орта	Денсаулық сақтау	Білім	Кедейлік	Тұтыну	Жалпы үлесі
Жамбыл обл.	0,0379	0,0056	0,0611	0,1940	0,0443	0,3487	0,6916
Астана қ.	0,2237	0,0751	0,0566	0,2891	0,0181	0,0045	0,6671
Қызылорда обл.	0,0788	0,1441	0,0835	0,0209	0,0808	0,1492	0,5573
Ақтөбе обл.	0,0788	0,0215	0,1953	0,0059	0,1400	0,0265	0,4681
Қарағанды обл.	0,0283	0,2992	0,0209	0,0457	0,0500	0,0139	0,4579
Алматық.	0,0788	0,0616	0,0496	0,0215	0,2191	0,0265	0,4571
Алматы обл.	0,0681	0,0441	0,0088	0,0603	0,1586	0,0541	0,3939
Атырау обл.	0,1067	0,0268	0,1673	0,0278	0,0500	0,0081	0,3868
Маңғыстау обл.	0,0916	0,0598	0,1634	0,0053	0,0414	0,0136	0,3752
БҚО	0,0283	0,0751	0,0478	0,1350	0,0291	0,0157	0,3311
ШҚО	0,0263	0,1128	0,0300	0,0481	0,0516	0,0472	0,3159
ОҚО	0,0867	0,0038	0,0267	0,0277	0,0076	0,1330	0,2856
Қостанай	0,0165	0,0367	0,0233	0,0277	0,0259	0,0761	0,2064
Павлодар	0,0208	0,0146	0,0332	0,0097	0,0679	0,0438	0,1901
Ақмола	0,0208	0,0045	0,0172	0,0465	0,0070	0,0253	0,1213
ШҚО	0,0079	0,0146	0,0151	0,0348	0,0086	0,0136	0,0945

Дегенмен де батыс өңірлерінің ТШИ – интенсивтілігі басқа өңірлерге қарағанда төмен, бірақ мұнда деңгейі де жоғары, шетелден мигранттар да келеді. Мысалы, Астана қаласын алатын болсақ, 2005 жылы мигранттар мен көшіп келушілер саны 5 % құраса, ал бүгінгі күнде 40 % құрап отыр. Соның өзінде көптеген аймақтарды жұмыспен қамтылу деңгейі төмен, бірақ ол мәселені шешу үшін мемлекет тарапынан «Жұмыспен қамтылу - 2030» Бағдарламасы жүзеге асырылып отыр [3].

Жоғарыда аталған индикаторлардың ТШИ әсерінен дамуын немесе тиімділігін есептеу үшін Қазақстанда иерархиялық талдау әдісі (ИТӘ) қолданылады. ИТӘ-ң алгоритмі: үлгінің жалпы сипаттамасы, үлгінің факторларын талдау, математикалық есептеу мен нәтижелерді үйлестіру кезеңдерін қамтитын үлгілеу үдерісі.

Бұл факторлардың таңдалуының өзіндік жағдайлары бар: 1-ден, шетелдік тұжырымдамаларға сәйкес өмір сүру сапасы өмір сүрудің басты сипаттамасы; 2-ден, индикаторлар осы өмір сүру сапасының көрсеткіштері болып табылады.

Қазақстан Республикасының 16 өңірі бойынша статистикалық көрсеткіштердің динамикасының қатарлары құрылды. Осының нәтижесінде

шетелдік кәсіпорынның ролін анықтау үшін өңірлердің инвестициялық белсенділігі бағаланып, талданды. Шетелдік компаниялардың инвестициялық белсенділігін бағалау нәтижелерін талдау осы көрсеткіштер бойынша өңірлердің айырмашылығын көрсетті. Инвестициялық белсенділігінің және республикалық өңірлердің әлеуметтік - экономикалық даму мәндері бойынша есептелген есептеулер негізінде үлгі құрылды [4].

2 кесте - Үлгіде қолданылатын ТШИ-ң әлеуметтік тиімділігін анықтайтын көрсеткіш факторлары

Көрсеткіш атауы	Фактор сипаттамасы	Модульдегі мәні	
Жұмыспен қамтылғандар саны	Тұрғындардың жұмыспен қамтылу факторлары	Emproyment	
Атмосфераға оны бүлдіретін заттардың лақтырылу көлемі	Қоршаған орта факторы	Environment	Қазақстан өңірлеріндегі тұрғындардың өмір сүру сапасының факторлары
10000 адамға шаққанда аурухана төмектерінің саны	Тұрғындар денсаулығының факторы	Health	
6-24 жас аралығындағы тұрғындардың біліммен қамтылу деңгейі	Білім алу деңгейінің факторы	Education	
Табысы өмір сүру минимумынан төмен тұрғындардың саны	Тұрғындардың кедейшілік факторы	Poverty	
Тұрғындардың жан басына шаққандағы тұтынушылық шығындары	Өмір сүру деңгейінің факторы	Consumption	

Үлгілеу кезеңінің 1-ші қадамы

1. Әрбір экспертке тапырма беріледі: а) ел өңірлеріндегі тұрғындардың өмір сүру сапасына ТШИ-ң әсер ету факторларына салыстырмалы талдау жұмыстарын жүргізу; ә) факторлардың әсер ету күшін анықтау.

Эксперт факторларға салыстармалы талдау жүргізуде Саатидың тізбекті шкаласын қолданып отыр. Эксперттің қойған бағалары осы Саатидің тізбекті шкаласының ұяшығына құйылады.

3 кесте - Саатидің тізбекті шкаласы

Сандар	Сипаттама
1	Факторлар мәні бірдей және мәселеге әсер ету деңгейі бірдей
3	Бір фактордың 2-ші фактордан айырмашылығы көп
5	Бір фактордың 2-ші фактордан айырмашылығы бар
7	Бір фактордан 2-ші фактор өте ерекшеленеді
9	Бір фактордан 2-ші фактор айырмашылығы
2,4,6,8	Негізгі сандардың мазмұндылық деңгейін анықтау үшін аралық сандар

Келесі есептеулер MS Excel бағдарламасында жүргізіліп, матрица құрылымына талдау жасалды.

2. Эксперттік бағалар бойынша факторлардың артықшылығын анықтау. Бұл үшін меншіктік векторларды (Eigenvectors), меншіктік сандар λ (Eigenvalues) және факторлар артықшылығының шкалары (Scalles of priorities).

4 кесте - 3 эксперт үшін Eigenvectors мәні

Факторлар	Eigenvectors		
	№1 Эксперт	№2 Эксперт	№3 Эксперт
1. Жұмыспен қамту	3,98	3,61	4,15
2. Қоршаған орта	0,40	0,51	0,69
3. Денсаулық сақтау	2,37	0,48	0,38
4. Кедейшілік	0,64	6,9	6,9
5. Тұтыну	0,29	0,15	0,15
6. λ max	0,20	0,15	0,15

5 кесте - Үш эксперт үшін Scalles of Priorities мәні

Факторлар	Scalles of Priorities					
	Жұмыспен қамту	Қоршаған орта	Денсаулық сақтау	Білім	Кедейшілік	Тұтыну
№1 Эксперт	0,44	0,04	0,26	0,16	0,07	0,03
№2 Эксперт	0,40	0,06	0,05	0,03	0,17	0,30
№3 Эксперт	0,46	0,08	0,04	0,28	0,06	0,08

3 эксперттің жұмыс нәтижесі бойынша факторлардың эксперттік артықшылығы шкаласы жасалды (ЭАШ).

6 кесте - Эксперттік артықшылық шкаласын салыстыру

Үлгіге факторларды енгізу тәртібі	ЭАШ – 1 шкаласы	ЭАШ – 2 шкаласы	ЭАШ – 3 шкаласы
1. Жұмыспен қамту	Жұмыспен қамту - 44 %	Жұмыспен қамту - 40%	Жұмыспен қамту – 46 %
2. Қоршаған орта	Денсаулық сақтау - 26%	Тұтыну - 30%	Білім алу - 28%
3. Денсаулық сақтау	Білім алу - 16%	Кедейшілік - 17%	Қоршаған орта - 8%
4. Білім алу	Кедейшілік - 7%	Қоршаған орта - 6%	Тұтыну - 8%
5. Кедейшілік	Қоршаған орта - 4%	Денсаулық сақтау - 5%	Кедейшілік - 5%
6. Тұтыну	Тұтыну - 3%	Білім алу - 3%	Денсаулық сақтау

			- 4%
--	--	--	------

Бұл кестеден көріп отырғанымыздай, жұмыспен қамту факторы 40-46% диапазонына ие болып барлық эксперттер үшін 1ші орынға шықты. Бұл нәтиже жұмыспен қамту көрсеткіші Қазақстан өңірлерінде ТШИ-ң әлеуметтік тиімділігін бағалауға басқа факторларға қарағанда маңызы жоғары екендігін көрсетеді.

3. Келесі кезеңде 6 фактор бойынша орта арифметикалық шаманы есептеу арқылы ерекшеліктің жалпы шкаласы алынды [5].

7 кесте - Артықшылықтардың жалпы шкаласының және эксперттердің артықшылық шкаласының мәні

Факторлар	Орта шама	Эксперттердің артықшылық шкаласы
1. Жұмыспен қамту	0,4327	Жұмыспен қамту – 43,27%
2. Қоршаған орта	0,0591	Білім алу – 15,55%
3. Денсаулық сақтау	0,1185	Тұтыну – 13,62%
4. Білім алу	0,1555	Денсаулық сақтау – 11,85%
5. Кедейшілік	0,0980	Кедейшілік – 9,80%
6. Тұтыну	0,1362	Қоршаған орта – 5,91%

Қазақстан Республикасының өңірлерінде тұрғындардың өмір сүру сапасына ТШИ-ң әсер етуін бағалауда 1-ші артықшылық – жұмыспен қамту факторы, 2-ші білім алу, 3-ші тұтыну, 4-ші денсаулық факторы, 5 кедейшілік факторы, 6-қоршаған орта факторы.


Алынған нәтиже бойынша қорытынды жасайтын болсақ, эксперттердің пікірінше, жұмыспен қамту, білім алу және тұтыну деңгейі – өңірдегі тұрғындардың өмір сүру сапасына және игілігіне әсер ететін әлеуметтік – экономикалық факторлар маңыздылары болып табылады. Сонымен қатар, кедейшілік факторы республика тұрғындары үшін ең қауіпті фактор болып есептелмейді. Бірақ кедейшілік және жұмыспен қамту факторлары өте тығыз байланысты екендігін білеміз. Сәйкесінше, тұрғындардың мейлінше аз қамтылған тобын жұмыспен қамту және әлеуметтік қамтамасыз ету көптеген мәселені шешеді, яғни Қазақстан Республикасы деңгейінде де шешеді.

4. ТШИ-ң өсу қарқыны бойынша Қазақстан Республикасы өңірлерінің салыстырмалы мәнін айқындау. Қазақстан Республикасының 16 өңірін ТШИ - интенсивтілік бойынша 4 кластерге бөлдік. Математикалық есептеулер негізінде келесі көрсеткіштерге ие болдық.

8 кесте - Кластерлік топтама негізінде 6 фактордың жалпы үлесі бойынша Қазақстанның өңірлерін саралау

Өңірлер	Жұмыспен қамту	Қоршаған орта	Денсаулық сақтау	Білім	Кедейлік	Тұтыну	Жалпы үлесі
---------	----------------	---------------	------------------	-------	----------	--------	-------------

Жамбыл обл.	0,0379	0,0056	0,0611	0,1940	0,0443	0,3487	0,6916
Астана қ.	0,2237	0,0751	0,0566	0,2891	0,0181	0,0045	0,6671
Қызылорда обл.	0,0788	0,1441	0,0835	0,0209	0,0808	0,1492	0,5573
Ақтөбе обл.	0,0788	0,0215	0,1953	0,0059	0,1400	0,0265	0,4681
Қарағанды обл.	0,0283	0,2992	0,0209	0,0457	0,0500	0,0139	0,4579
Алматы қ.	0,0788	0,0616	0,0496	0,0215	0,2191	0,0265	0,4571
Алматы обл.	0,0681	0,0441	0,0088	0,0603	0,1586	0,0541	0,3939
Атырау обл.	0,1067	0,0268	0,1673	0,0278	0,0500	0,0081	0,3868
Маңғыстау обл.	0,0916	0,0598	0,1634	0,0053	0,0414	0,0136	0,3752
БҚО	0,0283	0,0751	0,0478	0,1350	0,0291	0,0157	0,3311
ШҚО	0,0263	0,1128	0,0300	0,0481	0,0516	0,0472	0,3159
ОҚО	0,0867	0,0038	0,0267	0,0277	0,0076	0,1330	0,2856
Қостанай	0,0165	0,0367	0,0233	0,0277	0,0259	0,0761	0,2064
Павлодар	0,0208	0,0146	0,0332	0,0097	0,0679	0,0438	0,1901
Ақмола	0,0208	0,0045	0,0172	0,0465	0,0070	0,0253	0,1213
ШҚО	0,0079	0,0146	0,0151	0,0348	0,0086	0,0136	0,0945



Зсурет – Өңірлік ерекшеліктер факторы шкаласы бойынша ҚР өңірлерін саралау

Жоғарыдағы кестеден байқағанымыздай, Жамбыл өңірінде елеулі өзгерістер болған.

Үлгілеу кезеңінің 2-ші қадамы:

1. Үлгінің 6 факторына қатысты өңірлерді жалпы бағалау. Әр фактордың жалпы үлесін есептеу формуласы

$$X_i = \begin{bmatrix} x_1 \\ \dots \\ x_n \end{bmatrix}, i = \overline{1,2}; n = 16$$

С мәні келесі кестеде көрсетілген [6].

10 кесте - Қазақстан өңірлерін 6 фактор бойынша саралау

Өңір	6 фактор бойынша өңірлер үлесі						Жалпы баға
	Жұмыспен қамту	Қоршаған орта	Денсаулық сақтау	Білім	Кедейлік	Тұтыну	
Астана қ.	0,0968	0,0044	0,0067	0,0449	0,0018	0,0006	0,1553
Жамбыл	0,0164	0,0003	0,0072	0,0302	0,0043	0,0475	0,1060
Қызылорда	0,0341	0,0085	0,0099	0,0032	0,0079	0,0203	0,0840
Атырау	0,0462	0,0016	0,0198	0,0043	0,0049	0,0011	0,0779
Ақтөбе	0,0341	0,0013	0,0232	0,0009	0,0137	0,0036	0,0768
Алматы қ.	0,0341	0,0036	0,0059	0,0033	0,0215	0,0036	0,0720
Маңғыстау	0,0396	0,0035	0,0194	0,0008	0,0041	0,0019	0,0693
Алматы	0,0294	0,0026	0,0010	0,0094	0,0155	0,0074	0,0654
ШҚО	0,0375	0,0002	0,0032	0,0043	0,0007	0,0181	0,0641
БҚО	0,0122	0,0044	0,0057	0,0210	0,0029	0,0021	0,0483
Қарағанды	0,0122	0,0177	0,0025	0,0071	0,0049	0,0019	0,0463
ШҚО	0,0114	0,0067	0,0036	0,0075	0,0051	0,0064	0,0405
Қостанай	0,0072	0,0022	0,0028	0,0043	0,0025	0,0104	0,0293
Павлодар	0,0090	0,0009	0,0039	0,0015	0,0067	0,0060	0,0279
Ақмола	0,0090	0,0003	0,0020	0,0072	0,0007	0,0034	0,0227
СҚО	0,0034	0,0009	0,0018	0,0054	0,0008	0,0019	0,0142

Нәтижесінде Қазақстан өңірлеріндегі ТШИ-ң әлеуметтік тиімділігін бағалаудың жаңа құралы – өңірлік артықшылықтар шкаласы дайындалды. Оның мәні зерттеліп отырған кезеңде Қазақстан өңірлеріндегі «әлеуметтік өзгерістерді» көрсетеді.

Бұл суреттен көріп отырғанымыздай, «әлеуметтік өзгерістер» аясы бойынша Астана қаласы көшбастап тұр, әсіресе, жұмыспен қамту, экологиялық орта, денсаулық сақтау деңгейі және білім алу, тұтыну және кедейшілік салалары бойынша. Ол Солтүстік өңірлеріндегі әлеуметтік өзгерістер көлемі аз, мұнайлы өңірлерде де әлеуметтік өзгерістердің кең қарқыны байқалмайды.

Бұл мұнайлы өңірлерде өмір сүру деңгейінің үнемі жоғары болмайтындығын дәлелдейді. Жүргізілген талдау жұмысы өңірлерінің даму деңгейінің және ТШИ-ң әлеуметтік тиімділігінің бірдей болмайтындығын көрсетеді.

Берілген шамалардың мазмұндық талдануында Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша ТШИ-ң әлеуметтік тиімділігі анықталды және бағаланды.

Әдебиеттер тізімі:

1 Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана 14 декабря 2012 года «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» //Режим доступа: <http://strategy2050.kz/ru/documents/>

2 Назарбаев Н.А. «План нации – 100 конкретных шагов по реализации

пяти институциональных реформ». 20 мая 2015 года //Режим доступа: [http:// strategy2050.kz/ru/page/message_text2014/](http://strategy2050.kz/ru/page/message_text2014/)

3 Егоров О., Чигаркина О., Баймуканов А. Нефтегазовый комплекс Казахстана: проблемы развития и эффективного функционирования. – Алматы, 2003 – 536с.

4 Инвестиционные возможности Казахстана /под ред. Б.Хусаинова. – Алматы: Гос. комитет Республики Казахстан по инвестициям, 2017.

5 «Инвестиция туралы Қазақстан Республикасының Заңы» «Әділет» АҚЖ adilet.zan.kz/kaz/docs/z030000373

6 Шуптибаева К.Б. Социологический анализ инвестиционного процесса в Казахстане (например Западного региона): автореф. докт.социол.наук: 22.00.04. - Алматы, 2010. - 56 с.

Аннотация

В статье предусматривается необходимость привлечения прямых иностранных инвестиций в Республику Казахстан. Для оценки влияния прямых иностранных инвестиций на регионы страны были использованы индексы прямых иностранных инвестиций. В результате инвестиционная деятельность регионов была оценена и проанализирована для определения роли иностранного предприятия.

Ключевые слова: прямые иностранные инвестиции, социальная эффективность прямых иностранных инвестиций, показатели активности и интенсивности прямых иностранных инвестиций.

Abstract

The article provides for the need to attract foreign direct investment to the Republic of Kazakhstan. To assess the impact of foreign direct investment on the regions of the country, foreign direct investment indices were used. As a result, the investment activity of the regions was evaluated and analyzed to determine the role of the foreign enterprise.

Key words: foreign direct investment, social efficiency of foreign direct investment, indicators of activity and intensity of foreign direct investment.

Ж.Б.Хамидуллина

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.

hamidZh@mail.ru

**НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫ ЖАЛҒА БЕРУДІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ
ЖАЛҒА БЕРУ ОБЪЕКТІЛЕРІ**

Аңдатпа

Жал есебін ұйымдастыруда жал қатынастарының дамуына сәйкес есепке алу тәртібін меңгеру және жал объектілерін нақты білу үлкен роль атқарады. Негізгі құралдарды жалға алу бүгінгі күні де өз маңыздылығын жойған жоқ.

Негізгі сөздер: Жал, жалға беруші, жалгер, операциялық жал, қаржылық жал, лизинг, прокат, чартер.

Жалдық бизнестің кең көлемді дамуы қазақстан үшін инвестициялық үрдісті белсендірудің ең маңызды бағыттарының бірі, сондай-ақ өндірістің техникалық қайта қарулануына және экономиканы құрылымдық қайта құруына маңызды түрткі бола алады. Ол онда қатысушы контрагенттерге біршама артықшылықтар беріп, ғылыми – техникалық прогресстің дамуына ынталандырады [1,88п].

Жалдау - бұл кәсіпорындар мен өзге мүліктік кешендер арасындағы шартқа негізделген түрде жерді, өзге табиғи ресурстарды және жалгердің шаруашылық немесе өзге қызметті өз бетінше жүзеге асыруына қажетті мүліктерді мерзімді, қайтарымды түрде пайдалануы. Жалдау нәтижесінде жалға беруші мен жалгер арасында жалдау шартына негізделген қатынастар пайда болады.

Жалға беруші - жалдау шарты мүлікті жалға беретін меншік иесі. Мүлікті жалға беруге меншік иесі өкілеттік берген органдар мен ұйымдар, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар жалға беруші бола алады.

Жалгер - бұл жалдау шарты бойыша мүлікті жалға алатын заңды немесе жеке тұлға. Занды және жеке тұлғалар, біріккен кәсіпорындар, шетелдік заңды тұлғалар, халықаралық ұйымдар мен бірлестіктер жалгер болуы мүмкін.

Жалдау шарты - бұл тараптардың еркінділігі мен толық тең құқықтылығы негізінде жасалатын жалдау шартының талаптарына сай мүлікті жалға беру туралы жалгер мен жалға беруші арасындағы келісім. Мүлікті жалға беру меншікті беруге әкеліп соқтырмайды.

Жалдау жөніндегі келісім шарт екі жақты жасалған мәміле болып табылады, сол бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері анықталады. Азаматтық заң талаптары бойынша жалдау келісім шарттары ақылы болып саналады. Жалға беруші (азаматтық заң бойынша-наймға беруші), мүлікті келісім шартта көрсетілген тәртіппен, белгіленген мерзімге ақылы түрде пайдалануға береді. Егер келісім шартта олар анықталмаған болса, әдетте, бір тектес мүліктерді жалдау кезіндегі шарттарды салыстырмалы түрде негіз етіп алады.

Жалдау туралы мәмілелер қаржылық шаруашылық операцияларының ішіндегі ең кең тараған келісім түрі болып саналады. Жалдау келісім шарттарын жеке тұлғалар да, заңды тұлғалар жасауға құқылы.

Жалдауға байланысты қарым қатынастарды реттейтін басты заңды құжат ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім), оның 29 тарауы (қосымшасын қара) толықтай мүліктерді жалдауға байланысты туындайтын сұрақтарға арналған. Сонымен бірге ҚР Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 22-24 тарауларына да көңіл аудару қажет, онда келісім шарт жасаудың жалпы ережелері қарастырылады. Қаржылық жалдауға (лизинг) қатысты қарым қатынастар ҚР «Қаржылық лизинг туралы» Заңымен (05.07.2000 №78-) және басқа да нормативтік құжаттармен реттеледі.

Келісім шартты жасаушы тараптар арендаға алушы (арендатор) және арендаға беруші болып екіге бөлінеді. Арендатор келісілген мөлшерде төленген ақымен мүлікті уақытша пайдалану үшін өз меншігіне алады, арендаға беруші ол мүлікті арендаторға беруді міндетіне алады.

Мүлікті жалға беру мүлікті басқару құқығын бөлісу болып табылады. Соған сәйкес, мүлікті жалға беру құқығын ең алдымен оның меншік иесінің құқығы болып саналады. Арендаға беруші ретінде, заң талаптарына сәйкес өкілеттілігі бар меншік иесінің өкілі де қатыса алады. Мысалы, соған сәйкес келісім шарт бойынша меншік иесінің заңды өкілі мүлікті жалға бере алады.

Заң талаптары бойынша ерекше жағдайларда, келісім шарт бойынша арендаға беруші ретінде тек қана мамандандырылған мекемелердің қатысуы мүмкін. Мысалы, келісім шарт бойынша прокатқа мүлік беретін жалға беруші ретінде, тек қана тұрақты түрде кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғалардың ғана құқысы бар.

Жасалған келісім шарттың талаптарын орындамаған тараптар, заңды түрде жауапкер болатынын ескерте кетейік.

Жалгерлікке беру – актив меншіктенушісінің (жалгер) келесі жаққа (жалға алушыға) уақыттың белгілі бір мерзіміне, ақыға активтерін пайдалануға айрықша құқық беру жөніндегі жасаған келісім шарты[2, 146 п].

Жалға алушының басты міндеттемесі болып жалға алу ақысын мерзімді, әдетте ақы ай сайын немесе тоқсан бойынша, сондай-ақ авансылап төлеп тұру саналады. Жалгерлікке беру келісімі активтерді сол жұмыс күйінде кім ұстайтынын анықтайды.

Жалгерлікке беру келісім шарты екі жақты мәміле болып саналады және онда екі жақтың өзара құқықтары мен міндеттері анықталады.

Азаматтық заңнамаға сәйкес жалгерлікке беру келісім шарты өтеулі саналады. Жалгерлікке беруші (азаматтық заңнама бойынша – жалға беруші) мүлікті келісім шартта көрсетілген тәртіпте, пайдаланғандығы үшін төлем шарттарымен, белгілі мерзімге және үлгіде береді. Егер келісім шартта олар анықталмаған болса, салыстырмалы жағдайларда осы секілді мүліктерді жалға бергенде қолданылатын тәртіп, мерзім мен үлгі бар деп саналады.

Жалгерлікке беру мәмілелері басқа қаржылық-шаруашылық операциялар арасында кең таралған болып саналады. Бұндай жағдайларда жалгерлік қатынастардың жақтары болып жеке тұлғалар секілді заңды тұлғалар да болуы мүмкін.

Жалгерлік қатынастарды реттейтін негізгі заңды құжат ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Сондай-ақ, ҚР Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) келісім шарт жөнінде жалпы ережелері қарастырылатын 22-24 тарауларының ережелерін ескерген жөн. Қаражаттық (лизингілік) жалгерлік жақтарының арақатынасы «Қаражаттық лизинг жөніндегі» ҚР Заңы мен басқа да нормативтік құжаттармен реттеледі[3].

Жалгерлік операциялардың салық салу және бухгалтерлік есебі азаматтық заңнама ережелерімен байланысты, өйткені жалгерлік келісім шарт жақтарының қатынастары азаматтық-құқықтық принциптерге негізделеді. ҚР Салық кодексінің 10 бабына сәйкес Қазақстан Республикасындағы азаматтық заңнама түсінігі егер Салық кодексінде басқаша қарастырылмаған болса, азаматтық заңнамадағы мәнінде қолданылады.

Жалгерлік келісім шарт қатысушылары болып жалгер мен жалға беруші саналады. Жалгер мүлікті сәйкес ақыға, уақытша иеленуге және пайдалануға алады, жалға беруші береді немесе осы мүлікті жалгерге беруге міндеттенеді.

Жеке тұлғаларға қарағанда заңды тұлғаның қызмет мақсаттарына сәйкес азаматтық құқығы болуы мүмкін және осыған сәйкес міндеттерді мемлекеттік тіркеуден өткеннен, яғни құрылғаннан бастап атқарады. Заңды тұлғаның құқыққа қабілеттілігі оның қызметі аяқталған кезден немесе таратылған сәттен тоқтатылады.

Мүлікті жалға беруге тапсыру мүлікті иелену құқығын іске асыру болып табылады. Сондықтан, мүлікті жалға беруге тапсыру құқығы ең алдымен мүлік иесіне тиісті. Сол секілді жалға беруші ретінде заңмен немесе мүлік иесімен өкілеттелген адамдар, мысалы табыстау келісім шарты бойынша сенімгер әрекет ете алады.

Заң кейбір жағдайларда жалгерлік келісім шарты бойынша жалға беруші ретінде тек мамандандырылған мекемені қарастырады. Мысалы, жалға беру келісім шарты бойынша ұдайы кәсіпкерлік қызметі ретінде мүлікті жалға беруді жүзеге асыратын мекеме болып табылады. Жалгерлік келісім шартын жасау талаптарын сақтамау екі жаққа да қолайсыз салдар тудыруы мүмкін.

Жалгерлік келісім шарты мерзімінің өтуі бойынша жаңа мерзімге жалгерлік келісім шартын жасау жөніндегі тілегін жалға беруші тарапынан қарсылық болмаса, жалға берушіге хабарламай жасай беруіне болады. Бұндай жағдайда келісім шарт сол шарттармен белгісіз мерзімге жаңартылған болып саналады.

Басқаша айтқанда, кез келген уақытта екі тарап та хабарлау мерзімін сақтай отырып келісім шартты тоқтатуды талап ете алады. Жалгерлік ақша қаражаты мәселесін шешуге мүмкіндік береді, өйткені жалға берілген актив құнының 100% дейінгі қаржыландыруына қол жетеді. Әдетте банкілік несиелер активтің 80% құнымен шектеледі. Сондай-ақ, көптеген банкілік несиелерге құбылмалы пайыздық мөлшерлемелер тән болған кезде жалгерлік кезінде тіркелген пайыздық мөлшерлеме жөнінде келісуге болады [4, 214 п].

Операциялық жалгерлік жалға берушіге қарыздық шектеме бар кезде баланстық есеп беруден тыс қаржыландыруға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ұзақ мерзімде тапсырыспен дайындап, қатарға қосуы ұзаққа созылатын кейбір жабдықтар жағдайында пайдалануға дайын жабдықтарды жалға алу пайдалы болуы мүмкін.

Пайдалануда ұдайы ұстауы тиімсіз активтерді иелену мәселесінен жалға алу құтқарады.

Активтерді жалға алу қысқа мерзімде жалға алушыны жаңа өнім мен жоғары технологиялық жабдықтардың ескіруінен «қорғайды».

Жалгерлік жеделдетілген амортизацияға байланысты табыс салығын төлегенде, пайыздардан шығыстар бойынша, және кейбір кездерде инвестицияларға салықтық шегерімдер жасаған кезде артықшылықтар беруі мүмкін [5, 99 п].

Жалға берушіге келетін болсақ, өндіріс жабдықтарының өндірушілері, дилерлер мен дистрибьютерлер жалға беруді өткізуді ұлғайту үшін пайдаланады. Несиелік институттар мен коммерциялық жалға берушілер үшін жалға беру қаражаттық қызметтің қосымша «өндірістік желісі» болып табылады.

Артықшылықтарынан басқа жалгерліктің кемшілік жақтары да бар. Жалға берілген активтердің 100%-дық қаржыландыруы көтеріңкі пайыздық төлемді білдіреді [6, 466].

Мерзімдік жалгерлік кезінде жабдықтың керек кезінде табылатындығына кепілдік жоқ. Одан басқа шектік жалгерлікке пайыздық мөлшерлемелер орнатылуы мүмкін.

Қысқа мерзімге жалға алу жабдықтың ескіруінен сақтауы мүмкін, бірақ қысқа мерзімдегі жалға алу ұзақ мерзімге жалға алу бағасынан асып түсуі мүмкін (жалға беруші ескіру қаупіне өтемақы алады).

Жалгерлік нысаны болып тұтынылмайтын заттар түріндегі мүлік табылады. Тұтынылмайтын мүліктердің қатарына пайдалану барысында өзінің натуралдық қасиетін жоймайтын заттар жатады. Жалға беру

нысандарына бұндай талап жалға беру мерзімі өткен соң жалға алынған зат жалға берушіге сол күйінде қайтарылуы тиістігімен түсіндіріледі.

Бұл жерде жалға беру нысаны болып: жер телімдері, жекеленген табиғат аясы, кәсіпорындар мен басқа да мүліктік комплекстер; ғимараттар, құрылымдар, тұрғын және тұрғын емес үйлер; жабдықтар, көлік құралдары; құрал-жабдықтар, құралдар мен басқа да тұтынылмайтын заттар саналуы мүмкін.

Ұзақ мерзімдік жалгерлік кезінде пайыздық мөлшерлеме көтерілсе, беркітілген мөлшерлеме жалға беруші-несиегерді шығын қаупіне тұралауы мүмкін. Заңмен келісілген жағдайларда кейбір нысандарға қатысты белгілі келісім шарттармен жалға берілуі мүмкін жағдайлары қарастырылған арнайы талаптар орнатылады. Мысалы, жалға беру келісім шарты бойынша жалға алушыға тек жылжитын мүлік табысталуы мүмкін.

Жылжымайтын мүлік нысандары прокат заты бола алмайды. Мүлікті жалға бере отырып, екі жақ жалға беру мерзімі өткеннен соң жалға берушіге сол мүлік қайтарылып берілуі тиіс деп келіседі. Сондықтан, мысалы өндірісте пайдалануға немесе одан әрі сатуға бағытталған өндірістік-техникалық бағыттағы тауар не болмаса материал жалға беру нысаны болып саналмайды [6, 46 п].

Осыған байланысты жалға беру келісім шартын жасағанда екі жақ жалға беру нысаны жөнінде жалға берушіге мүлікті кері қайтарып берілетіндігін анықтайтындай толық мағлұмат жасауы керек. Егер ондай дерек болмаса, жалға беру келісім шарты жасалмаған болып саналады.

Жалға берілетін объектілерге пайдаланып кетуге мүмкін емес мүліктер жатады.

Пайдаланып кетуге мүмкін емес мүліктерге пайдалану кезінде өзінің натуралдық қасиеттерін жоғалтпайтын мүліктер жатады. Ондай талаптың қойылатын себебі, жалға берілу мерзімі аяқталғаннан кейін, жалға берілген мүлік жалға берушіге қаз-қалпында қайтарылып берілуге тиіс [7, 146 п].

Ондай объектілердің қатарына: жер учаскілері; ерекшелінген табиғи объектілер; кәсіпорын және басқа да мүліктік кешендер; ғимараттар; құрылғылар; адам тұрмайтын үй жайлары; жабдықтар; көлік құралдары; инвентарьлар, аспаптар және басқа да заттар жатады.

Заң талаптарына сай кейбір жалға берілетін мүліктер бойынша жасалған келісім шарттарда, әрбір объекті бойынша ерекше жағдайлар қарастырылады. Мысалы, прокатқа беру келісім шарты бойынша, арендатордың пайдалануына тек қана қозғалмалы мүліктер беріледі. Жылжымайтын мүліктерге жататын объектілер прокатқа берілмейді.

Халықаралық практикада жалдаудың үш түрі бар:

1. Ұзақ мерзімді жал (лизинг) - бұл мүлікті 3 жылдан артық мерзімге жалдау. Ұзақ мерзімді лизинг жай және қаржылық (қаржыландырылатын) болып бөлінеді.

Жай лизинг - жалдау шартының мерзімі аяқталған бойда мүліктің жалға берушіге қайтарылуын көздейді.

Қаржылық (қаржыландырылатын) лизинг - жалды ұзақ мерзімге несиелендірудің нысаны[8, 14 п].

Қазақстан Республикасының шаруашылық практикасында жай лизинг кеңінен таралған.

2. Орташа мерзімді жал (хайринг) - бұл жалгердің мүлікке меншік құқығынсыз 1 жылдан 3 жылға дейінгі мүлікті жалдауы.

3. Қысқа мерзімді жал (рейтинг, чартер) - мүлікті жалгердің кейінгі сатып алу құқығынсыз жалдау, жалдау мерзімі 1 жылға дейін созылады.

Рейтинг бойынша жалдау ақысы лизингке қарағанда төмендеу.

Чартер әдетте рейсті, кезекті бірнеше рейсті, белгілі бір мерзімге (тайм-чартер) жалдауға жасалады (ұшақ, кеме). Чартерлер алдын ала немесе шұғыл тәртіппен (проптчартер) және тіпті кейде жедел тиеуге дайындықпен (спорпропт) жасалуы мүмкін.

Прокат. Прокатқа беру туралы келісім шарты бойынша жалға беруші, тұрақты түрде кәсіпкерлікпен айналысушы ретінде, жалға алушыға ақылы түрде уақытша пайдалану және иелік ету үшін жылжымалы мүліктерді беруді міндетіне алады.

Прокатқа беру объектісі ретінде тек қана жылжымалы мүліктер қолданылады [9,211п]. Заңға сәйкес, жылжымайтын мүліктерге жатқызылған ғимараттарды, құрылғыларды, тұрғын үй жайларын, келісім шарт бойынша прокатқа беруге болмайды. ҚР АҚ 117 бабына сәйкес жылжымайтын мүліктерге жер учаскілері, ғимараттар, құрылғылар, көп жылдық жеміс ағаштары және басқа да жермен тікелей байланысты мүліктер жатады. Келісім шарт бойынша прокатқа берілген мүлік, жалға беру туралы келісім шартында басқаша көрсетілмесе немесе басқаша міндеттемелер болмаса, онда олар тек қана тұтыну мақсатында пайдаланылады.

Прокатқа беру келісім шарты ашық түрде жасалады, сондықтан жалға беруші тұлға, прокатқа берілетін мүлік бар болып тұрған жағдайда, жалға алуға өтініш берген тұлғаға бермеймін деуге құқылы емес, және келісім шарт жасалған кезде талап етушілерді алалауға болмайды. Тәртіп бойынша, жалға беруші ретінде мамандандырылған мекеме қызмет көрсете алады.

Егер мүлікті прокатқа беру келісім шарты бойынша басқаша жағдай қаралмаса, арендатордың мүліктің дұрыс жұмыс істемейтіні жөніндегі өтінішін, арендаға беруші 10 күннің ішінде қарап, ақысыз түрде жөндеп беруге болмаса сол тектес басқа затпен айырбастап беруге міндетті [10, 183п]. Мүліктерді прокатқа беру қызметін көп қолданатын жеке тұлғалар болып табылады. Әдетте прокатқа тұрмыстық қажеттерді өтейтін техникалар ұсынылады: теледидарлар, мұздатқыштар, шаңсорғыштар және т.б. Прокатқа беруші ұйымның есебінде олар негізгі құралдардың есебі жүргізілетін шеттарда есепке алынады. Келісім шарт бойынша прокатқа берілген мүлікті пайдалану ақысы тұрақты сома ретінде белгіленіп, бір мезетте, иболмаса бірнеше рет бөліп төленуі мүмкін. Егер прокатқа алынған мүлік келісілген мерзімнен бұрын кейін қайтарылатын болса, онда оның

пайдаланылмаған күндеріне төленген прокат ақысы жалға алушыға қайтарылып беріледі.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Нурсеитов Э. О. Аренда. Алматы, LEM, 2006, 88 б;
- 2 Салина А. П. Принципы бухгалтерского учета. Алматы., Экономикс, 2003, 250;
- 3 Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі, Юрист, Алматы, 2013; соңғы 27.02.2017 № 49-VI өзгертулерімен;
- 4 В.Л.Назарова, М.С.Жапбарханова Бухгалтерлік есеп. Оқулық - Алматы Алматыкітап баспасы, 2012 ж-624 бет;
- 5 Финансовый учет., ЮСАИД, Оқу құралы., 2003, 245с;
- 6 № 17 Халықаралық қаржылық есеп беру стандарты: «Жал», Оқулық 3-ші басылым.- М.: Фонд развития Бух. Учета, 2003;
- 7 Назарова В. Л. Бухгалтерский учет хозяйствующих субъектов – Алматы, Экономика, 2007, 248б;
- 8 В.А. Горемыкин. Основы технологии лизинговых операций: учебное пособие. – М.: Ось-89, 2000, 60с;
- 9 Радостовец В. К., Радостовец В. В., Шмидт О.Н., Фабдуллин Т. Ф. «Кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп» – Алматы: 2009, 430б;
- 10 Тасмағанбетов Т.А., Омаров А.Ш., Әлібекова Б.А. және басқалары Қаржы есебі. Алматы: - Дәуір, 2008, 280 б.

Аннотация

При организации учета аренды немаловажную роль играют освоение порядка учета арендных отношений в соответствии с их развитием и знание ее объектов. Аренда основных средств и сегодня не теряет свою значимость.

Ключевые слова: Аренда, арендодатель, арендатор, операционная аренда, финансовая аренда, лизинг, прокат, чартер

Abstract

When organizing rent accounting, an important role is played by mastering the procedure for accounting for rental relations in accordance with their development and knowledge of its facilities

Key words: Rent, landlord, tenant, operating lease, financial lease, leasing, rental, charter

Э.М.Адиетова, Г.Ж.Жамбылова, С.Е.Аманшиева
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.

adiet_elm79@mail.ru, Alima-83@mail.ru

КЕДЕЙШІЛІКТІ АЗАЙТУ БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ ҚҰРАЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның экономикалық өсу жағдайына әсер ететін кедейшілік себептері қарастырылған. Осы себептер бойынша талдау негізінде әлеуметтік және экономикалық қайта құрулар арқылы кедейлікпен күрес жүргізу және оның механизмін жетілдіру туралы ұсынымдар беріледі. Осы міндеттерді шешу халықтың басым көпшілігінің мүддесі үшін жүзеге асырылатын әлеуметтік-экономикалық қайта құруларды аясында мемлекеттік басқару сапасын арттыруды көздейді.

Негізгі сөздер: кедейшілік, кедейлікпен күрес, әлеуметтік саясат.

ҚР-ғы мемлекеттік ресурстарға бағытталған әлеуметтік – экономикалық саясат әр еңбекке қабілетті азаматтың еңбек және шаруашылық белсенділігін тұрақтандыру арқылы (өз еңбектерін, кәсіпкерлік қабілеттіліктерін, білімін, т.с.с.). Экономикалық өсуді арттырады, ал еңбекке қабілетсіз жандарға және аз қамтылған отбасыларға әлеуметтік көмек көрсетіледі. Осы мақсатта халықты әлеуметтік қорғау жүйесі әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, қалыптасу қажет, сонымен қатар сол өңірдің әлеуметтік – экономикалық даму деңгейін де ескеру қажет. Соңғы кездері жүргізіліп отырған әлеуметтік - экономикалық саясат қиын жағдайда қалған азаматтар мен жанұяларды әлеуметтік қорғауға бағытталған [1].

Сондықтанда тек қана мемлекет шешім қабылдайды. Сонымен қатар, 2012 жылы Еңбекті және әлеуметтік қорғау Министрлігімен Тұжырымдамалар қарастырылды. Заң жүзінде бекітілген құжаттарға сәйкес, ҚР-да әлеуметтік қорғау жүйесінің келесі бағыттары қарастырылды: 1. Жанұяны, ананы және балалық шақты қолдау жүйесі (туылған сәбиге берілетін бір реттік жәрдемақы, бала күтіміне байланысты 1 жасқа дейін берілетін жәрдемақы).

2. Әлеуметтік тәуекелділік туындаған жағдайда әлеуметтік қолдау жүйесі және әлеуметтік қызмет көрсету.


3. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топқа (көп балалы жанұя, жұмыс істеу қабілеті жоқ) қолдау көрсету.

4. Зейнетақы жүйесі.

5. Ақысыз білім беруге (жалпы және кәсіби) қол жетімділікті қамтамасыз ету жүйесі.

6. Міндетті медициналық көмек көрсету кепілдемесінің жүйесі.

7. Мемлекеттік қызметкерлерді, бюджеттік сала қызметкерлерін және жас отбасыларды үймен қамтамасыз ету жүйесі.



1 сурет - Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік қолдау жүйесі

Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік қорғау объектілері: балалар, көп балалы аналар, мүгедектер, жұмыссыздар, аз қамтылған азаматтар. Ақшалай формадағы мемлекеттік әлеуметтік төлемдер жүйесі келесі элементтерден тұрады (2 сурет).

Айта кету қажет, ҚР-ның барлық азаматтарын медицина мен білім беру қызметіне қол жеткізу тұрғындарының тепе – теңдікке өмір сүруіне жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік көмек беру жүйесі 3 деңгейден тұрады: бастапқы, міндетті және еркін түрде. Мемлекет базалық деңгейде минималды деңгейдегі жәрдемақымен қамтамасыз етеді. Ал міндетті деңгейде мемлекеттік қордан әлеуметтік сақтандыру, өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдері, зейнетақы қорынан төленетін төлемдер жүзеге асырылады. Еркін деңгейде еркін түрдегі салымдар негізінде жинақталған төлемдер төленеді.

1.Барлық азаматтарға бірдей деңгейде мемлекеттік бюджеттен қаржы құралдарын төлеу. Құрамы:


а) Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар: мүгедектігі бойынша, асыраушыларынан айырылған жағдайда, жасы бойынша;

ә) Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар: жер астында жұмыс жасайтындар мен тау үстінде жұмыс жасайтындар;

б) Арнайы мемлекеттік төлемдер: СССР батырлары, әлеуметтік еңбек батырлары, Ұлы Отан соғысының қатысушылары, ҰОС-ң мүгедектері, бала мүгедектер мен мүгедектер, көп балалы аналар, саяси қуғын – сүргін құрбандары.

2. Әлеуметтік көмек. Жергілікті бюджеттен тұрғындардың аз қамтылған бөлігін қорғау үшін бөлінеді. Әлеуметтік көмек арнайы әлеуметтік көмектен, тұрғын үй бойынша көмек, жасы 18-ге келгенге дейін балаларға берілетін жәрдемақы.

3. Балалы отбасыларға жәрдемақылар: бала күтіміне байланысты бір реттік жәрдемақы, бала жасқа толғанға дейін төленетін жәрдемақы, ата-аналарға, асыраушыларға, мүгедек балаларды асыраушыларға берілетін жәрдемақы.



2 сурет - Қазақстандағы мемлекеттік әлеуметтік төлемдер

Қиын жағдайда қалған тұлғаларға ақысыз әлеуметтік төлем көлемін ұсыну тұрмыстық, медициналық, психологиялық, педагогикалық, еңбек, мәдени, экономикалық, құқықтық қызметтерден тұрады. Әлеуметтік қорғау жүйесі арқылы құндылықтар қайта бөлінеді және тұрғындардың әлсіз топтарына қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, аз қамтылған отбасылар, жұмысқа қабілетсіздер - балалар, зейнеткерлер, студенттер. Осындай топтың барлығын қамту елдегі кедейшілік деңгейін азайтады.

ҚР-дағы әлеуметтік топтарды зерттеу барысында тұрғындардың 34% көмекке зәру екендігі байқалды. Бұл қоғамға мемлекеттің араласу қажет екендігін көрсетті.

ҚР Статистика бойынша Агенттігінің мәліметтерін сүйенсек мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек материалдық жағдайды арттыруға бағытталғанымен, үй шаруашылығының иелерінің 60,8% зейнетақы көлемін, жалақы көлемін арттыру, 5,1% - оқуға немесе қайта оқуға арналған қаржы деп түсінеді [2]. ҚР-да әлеуметтік саланы қаржыландырудың негізгі көзі – мемлекеттік бюджет. Әлеуметтік мәселелерге жұмсалған мемлекеттік шығындар өсудің оң нәтижелерін беріп отыр. Күнкөріс минимумы кедейшілік шегін анықтайды. Кедейшілік шегі азық – түлік себетіне теңдестірілген. Бірақ ең аз күнкөріс себетінің құрамына өмір тұрғындарының организмінің қажеттіліктерін қанағаттандыратын азық-түлік өнімдер жинағы мен оны қолдану нормасы енеді. Минималды тұтынушылық себетінің құны күнкөріс минимумы мен әлеуметтік көмек көлемін есептеу үшін қолданылады. Бүгінгі күнде тұрғындар табысы импорттық тауарларды сатып алуға жұмсалады. Бекітілген күнкөріс минимумы нақты өмір құнын толықтыра алмайды[3].

Республикамызда кедейшілік деңгейін өлшеу үшін статистика бойынша 12000 үй шаруашылығына таңдамалы зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Алынған ведомстволардың мәліметтерінің негізінде бірнеше көрсеткіштер есептеледі:


Қазақстан Республикасында кедейшіліктің 3 деңгейі бар:

1) Тоқсан (квартал) сайын күн көріс минимумынан табыс төмен тұрғындардың үлесі есептеледі;

2) Табысы азық - түлік себетінен төмен халықтар үлесі анықталады. Азық-түлік себетінің құны күнкөріс минимумының 60% тұрады. 2017 жылдың 2 кварталында азық- түлік себетінің құны 12668тг. Сонымен 1-ші жарты жылдық нәтиже бойынша табысы азық - түлік себетінен төмен жұмысшылар жоқ;

3) Кедейшілік деңгейі (табысы 9188,8 тг-ден төмен). Кедейшілік шегін анықтау үшін тұтыну үшін қолданылған тұрғындардың табыс көлемін бөлу туралы мәліметтер қолданылады. 2008 жылғы мәліметтерге көз жүгіртсек, содан бері кедейшілік шегі 5000-ге артқан, тұтыну 5000 - 10000-ға артқан.

4 сурет - Тұрғындардың үй шаруашылығы тұтыну үлесі (15000-20000 тг. дейін)



4 сурет – Азық - түлік себеті құны мен күнкөріс минимумы

Сонымен Республикадағы ресми мәліметтерге сүйенсек, 2017 жылдың 2 кварталында тұрғындардың (оның ішінде қалалық) 10,7 мың тұрғыны кедейшілік шегінде өмір сүреді екен.


Жергілікті тұрғындардың тұтынуға қолданған табыс көлемі бойынша бөлу туралы мәліметтерін тек қана кедейшілік шегіндегі адамдар санын анықтау үшін емес, сонымен қатар кедейшіліктің басқа да көрсеткіштерін анықтауға болады.

Бұл суреттен көргеніміздей екі көрсеткіш арасындағы айырмашылық елеулі. Ресми статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстандықтардың 2,6% - 21113 мың. тенгеден аз. Жалпы елдегі тұрғындардың 10,77% ай сайын 20000 тенгеден жоғары жоя алмайды. Ал, 3,44% 15000-нан жоғары жоя алмайды.

2016 жылы Қазақстан Республикасындағы кедейшілік жағдайы әлемдік деңгейден асып түсті. 2017 жылы БӘБ абсолютті кедейшілік шегін 1,9\$ - ға көтерді (Қазақстан үшін 640 тг). Ұлттық кедейшілік шегі оны есептеудің әдістемелік нұсқауында ешқандай өзгеріс болмағанын артта қалып отыр. Сонымен 2017 жылы кедейшілік 19200тг. Кедейшілік шегінде 1,9 млн.адам өмір сүріп отыр.

2017 жылдың 2 кварталында күнкөріс минимумнан төмен табысқа ие тұрғындар үлесі 2,6%. Бұл көрсеткіш былтырғы 2016 жылға қарағанда 0,1%-ға аз.

Үй шаруашылығын зерттеу нәтижесінде ауылдық жерлердегі кедейшілік деңгейі 4,5% құрап отыр.



5 сурет- Күнкөріс минимумынан төмен табысқа ие тұрғындар үлесі

Күнкөріс минимумынан төмен табысқа ие халықтар үлесі Оңтүстік Қазақстан (5,2%) облысына тән бұл көрсеткіш Астана мен Алматыда (0,7%) және (0,7%) көрсетіп отыр.


Жалпы ғылым, білім, денсаулық сақтау, мәдениет салаларын қоса алғанда, 2016 жылы шығындар ЖІӨ-ң 6,5% құрап отыр. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша шығындар ЖІӨ-ге қатысты азайып отыр, себебі әлеуметтік қамтамасыз ету 3 деңгейлік қамтамасыз етуге көшті және әлеуметтік қорғау міндетті және еркін түрдегі сақтандыру есебінен жүргізіледі.

«2017 жылы зейнетақы көлемі 9 пайызға өседі. Осы негізде базалық зейнетақы көлемі 12 мың 802 теңгені құрайтын болады. 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап әлеуметтік жәрдемақылардың барлық түрі 7 пайызға өсті

Қазақстанда 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап базалық зейнетақыны тағайындау тәртібінде өзгерістер болады.

Экономикаға дағдарыс жағдайында маңызды міндеттердің бірі әлеуметтік қорғауға бюджеттен бөлінетін құралдырды тиімді қолдану, сондай – ақ осындай жағдайларда қаржыны бюджеттік емес салалардан тарту. Әр мемлекет үшін өз азаматтарының шығармашылық және кәсіби әлеуетін арттыру заманауи мемлекеттің маңызды қызметі болып табылады. Елбасының 2013 жылы елімізді әлеуметтік – экономикалық модернизациялау туралы міндеттерін жүзеге асыру барлық азаматтарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетпесе мүмкін емес.

Екі факторлық үлгіні құрастыру әдістемесі үй шаруашылықтарының әлеуметтік – экономикалық жағдайларын бағалауға мүмкіндік береді, сондай – ақ оларға әсер ететін факторларды анықтауға болады. Осы жасақтаманың негізінде әр топтың мәселесін шешуге бағытталған әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттырады, жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасы арттырылады (6 сурет).



6 сурет - Әлеуметтік саясатты жетілдіру шаралары

Әр топтың өзіндік ерекшелігі бар. Әлсіз топтарға үнемі көмек қажет, ол өз табысын арттыру қажет. Табысын арттыру үшін әлеуметтік жәрдемақы ұсынылуы тиіс, микронесие, біліктілікті арттыру және қайта оқыту, жұмыс орындарын қалыптастыру, бизнесті жүргізу ерекшеліктерімен таныстыру шараларын ұйымдастыру қажет [4].

«Кедейшілік тобынан шыққандарға» медианалық табыстан жоғары табысы бар, бірақ көптеген шектеулері бар азаматтар жатқызылады. Мұндай топтың 80% ауылдық жерлерде тұрады Ал 42% отбасында табыс тек ауыл

шаруашылық өнімдерін сатудан түседі. Мұндай топтарды қолдау шаралары: ауылдық аймақтарды дамыту, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту.

Осылайша әр топ ерекшелігін анықтай отырып, олардың өмірлік стратегиясын жетілдіру жолдарын анықтауға болады. Әлсіз мақсатты топтың себебін анықтау арқылы оларға өмірлік қиындықтарды жеңу үшін жеке – жеке өмірлік стратегия жасақтауға болады. Бұл тек кедейшілік мәселесін емес сол қатардан басқа топтарға да көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесінде 3 бағыттан тұратын шараларды ұсынамыз.

1 бағыт. Статистикалық көрсеткіштер жүйесінің мониторингісі және жүйесін жетілдіру. Ресми статистикалық мәліметтерді, әртүрлі зерттеулердің қорытындыларының халық табысына әсері жеткіліксіз.

Қолданылатын шаралар: әлсіз топтар туралы нақты мәлімет жинау, әлеуметтік көмек көрсетуде қолданылатын күнкөріс минимумы мен «кедейшілік шегі» көрсеткіштерінен жоғары тұратын стандарттарымен әлеуметтік өмір сүру стандарттарын толықтыру, жәрдемақыны алушылар мен көлемі туралы мәлімет беретін жеке статистикалық индикатор енгізу, «өзін-өзі қамтамасыз ету» категориясын бекіту, үй шаруашылығы табысын кәсіпкерлік және өзін-өзі қамтамасыз етуден түсетін табыс деп бөлу, статистикалық көрсеткіштердің ішінен мерзімдік кездейсоқ және маусымдық жұмыссыздықты ескеру, кедей және әлсіз топтарға медициналық көмек пен білім беру қызметіне қол жетімділігін бағалау.

Екінші бағыт. Жергілікті халықтың қажеттілігін ескеретін және депривация деңгейін азайтатын әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыру. Әлеуметтік инфрақұрылымды жоспарлау және дамыту мемлекет алдында тұрған бірнеше міндеттерді шешеді: жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырады; көші-қон ағымына бақылауды күшейтеді; өмір сүру аймақтарында «өсу нүктесін» қалыптастырады; жаңа жұмыс орындарын қалыптастырады. Әлеуметтік инфрақұрылымның кедейшілікті азайтудағы рөлі өте зор.

Үшінші бағыт. Әлеуметтік қорғау шараларын жетілдіру. Мемлекет әлеуметтік баспалдақ жүйесін қамтамасыз етіп отыр. Институттары: тегін кәсіби білім алу, армия, мемлекеттік қызмет, қоғамға қажетті мамандар статусын қалыптастыру (дәрігер, оқытушы, мәдениет және ғылым қызметкері), ғылыми сиымдылықты салаларда қызмет көрсететін кәсіпорынды қаржыландырумен айналысатын венчурлық қор қалыптастыру [5]. Аталған шараларды жүзеге асыру үшін сәйкесінше заң базасын жасақтау қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыздағы N 296 қаулысы

2 ҚР Статистика бойынша Агенттігінің мәліметтері, 2017 жыл

3 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қарашадағы N 1159 Қаулысы

4 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1111 қаулысы

5 ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2013 жыл

Аннотация

В статье рассматриваются причины бедности, влияющие на состояние экономического роста казахстанской экономики. На основе анализа этих причин даются рекомендации по совершенствованию механизма борьбы с бедностью посредством проведения социальных и экономических преобразований. Решение этой задачи предполагает повышение качества государственного управления в рамках социально-экономических преобразований, осуществляемых в интересах большинства населения страны.

Ключевые слова: бедность, борьба с бедностью, социальная политика.

Abstract

Reasons of poverty, influencing on the state of the economy growing of the Kazakhstan economy, are examined in the article. On the basis of analysis of these reasons given to recommendation on perfection of mechanism of fight against poverty by means of realization of social and economic transformations. The decision of this task supposes upgrading of state administration within the framework of the social-economic transformations carried out in interests majority of population of country.

Key words: poverty, fight against poverty, social politics.

МРНТИ 27.35.45

Б.З.Кенжегулов, Ж.Д.Мухтарғалиева, Т.Б.Гапуова

Атырауский государственный университет им. Х.Досмухамедова,
Республика Казахстан г. Атырау

tikosh.96@mail.ru

**МАТЕМАТИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ УДЛЕНИЯ СТЕРЖНЯ ОТ
ПОЛЯ РАСПРЕДЕЛЕНИЯ ТЕМПЕРАТУРЫ ПО ЕЕ ДЛИНЕ**

Аннотация

